zangazet@mail.ru

№1 (3729)
7 қаңтар 2025

ЗАҢ газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚР Президенті:

«ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ – ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ»

Жыл аяқталып, күнтізбе ауысқан тұста кез келген елдің мемлекеттік билігінің жылды қорытындылап, елі үшін атқарылған игілікті істерін саралайтыны, болашаққа бағдар жасап, дамудың жаңа бағыттарына бет бұратыны, өткеннен сабақ ала отырып, келешекке зор үмітпен қадам жасайтыны ақиқат.

(Жалғасы 3-бетте)

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Елдос ҚҰРСАБАЕВ,
Шымбұлақ тау курортының департамент басшысы:

«СЫРҒАНАУ АЛАҢЫНДАҒЫ ЖАУАПТЫЛЫҚТЫ БЕЛГІЛЕЙТІН ЗАҢ ЖОҚ»

– Шымбұлақ тау курортының даңқы жыл өткен сайын өспесе, кеміп жатқан жоқ. Соңғы жылдары барлық маусымда туристер санының өсіп келе жатқаны айқын аңғарылуда. Бұл жағдай ондағы көрсетілетін қызмет ақысының көтерілуіне қаншалықты әсер етуде?

– Шымбұлақ тау курорты жаңа маусымда сырғанаушылар үшін абонементтер бағасын көтеруге мәжбүр болды. Оған бірнеше себеп бар. Біріншісі – инфляция. Өзіңіз де байқап жүрген шығарсыз, соңғы жылдары барлық қызмет түрлері қымбаттап жатыр. Екіншіден, біздің инфрақұрылымға түсетін жүктеме өсті. Мысалы, өткен жылы Шымбұлақ тау курортына 1,5 млн турист қонақ болды. Бұл дегеніміз бүкіл аспалы арқан жолдарына, мейрамханалар мен ондағы әжетханаларға біршама ауыртпашылық түсіреді. Өйткені оның бәрін уақытылы күтіп ұстап, жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін қомақты қаражат қажет. Бүкіл қосалқы бөлшектерді біз Еуропадан алып келеміз. Шымбұлақ тау курорты табатын қаражаттың 60 пайызы инфрақұрылымға жұмсалады. Сол себепті биыл біз курорттағы абонементтік бағаны 20-30 пайызға көбейтуге мәжбүр болдық. Баға бұған дейін 3 жыл бойы өзгермеген еді. Биыл экономикалық тербелісті қатты сезініп жатырмыз.

– Бағаның көтерілуіне қосалқы бөлшектердің әсері өте жоғары. Әйтсе де, оларды алмастырудың өзге жолы жоқ па?

– Тау курортына қатысты қазіргі кездегі ең озық құрал-жабдықтарды өндіретін компаниялар әлемде санаулы ғана. Онда өзге салалардағыдай үлкен бәсекелестік жоқ. Біз пайдаланып отырған еуропалық компаниялардың өнімі мен қызметіне балама болатындай өндіріс орындары елімізде ғана емес, көршілес өзге елдерде де жоқ. Сондықтан біз оның бәрін қомақты қаржы жұмсап Еуропадан сатып алып, жыл сайын курорттың бүкіл инфрақұрылымына профилактикалық жұмыс жүргізіп, құрылғылардың қосалқы бөлшектерін ауыстырамыз.

(Жалғасы 5-бетте)

МІНБЕР

МӘРТЕБЕ ТӨҢІРЕГІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ ҰСЫНЫС

Қазіргі уақытта барлық судьялар қауымын ойландырып жүрген, қоғамның судьяларға деген сенімі мен судьялардың мәртебесін арттыруға үлкен серпін беретін бірқатар маңызды заңдар бойынша ресми түрде, заң шығарушы қызметін жүзеге асыратын еліміздің ең жоғарғы өкілетті органы – Парламент депутаттарына төмендегі заңдарға өзгерістер мен толықтыру мүмкіндігін қарау үшін ұсыныс білдіремін.

1. ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 29 тамыздағы №733 «Әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың және Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдардың еңбек сіңірген жылдарын есептеу қағидаларын бекіту және ҚР Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» қаулысының 2-тармағының 9) тармақшасына сәйкес, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық келісімдерде өзгеше белгіленбесе, еңбек сіңірген жылдар осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен есептеледі.

Еңбек сіңірген жылдарына зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарына:

«Қарулы күштерге, арнаулы мемлекеттік органдарға, прокуратура, ішкі істер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеп-тексеру қызметі, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі органдарына, мемлекеттік фельдъегерлік қызметке, сондай-ақ бұрынғы ҚР Мемлекеттік тергеу комитетіне және қаржы полициясына (салық полициясы (милициясы) қызметке ауысқан жағдайда сот органдарында судья лауазымдарында жұмыс істеген уақыт есептеледі» делінген.

Осы заң нормаларына сәйкес, судья лауазымына тағайындалған уақытта, қарулы күштерге, арнаулы мемлекеттік органдарға, прокуратура, ішкі істер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеп-тексеру қызметі, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі органдарына, мемлекеттік фельдъегерлік қызметке, сондай-ақ бұрынғы ҚР Мемлекеттік тергеу комитетіне және қаржы полициясына (салық полициясы (милициясы) қызметте еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдары да, осы жоғарыда көрсетілген лауазымдарында жұмыс істеген уақыт есептелу керек деп есептеймін. Бұдан басқа, осы қаулының бірінші қосымшасында: «Қызмет етуі жеңілдікті шарттарда еңбек сіңірген жылдарына қызметтің бір айы бір жарым ай болып есептелетін жергілікті жерлер: Ұлытау облысында – Ұлытау ауданының Жезді ауылдық округінде, Қаражал қаласында және Жәйрем кентінде – 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап, Ұлытау, Жаңаарқа, (бұрынғы Жезқазған облысының Қаражал ауданында), Сәтпаев және Жезқазған қалаларында – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап еңбек сіңірген жылдарына есептеледі» деп көрсетілген.

(Жалғасы 4-бетте)

2-бет

ҚазҰУ: алғашқы қадам, дара жол, жеткен жетістік

6-бет



Съездер – сот жаңашылдығының бастауы

8-бет



Дар алдында

МЕРЕЙТОЙ

ҚазҰУ: АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ, ДАРА ЖОЛ, ЖЕТКЕН ЖЕТІСТІК

Құрылғанына 90 жыл толған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті озық үрдістердің, жаңашылдықтың, білім мен ілімнің, ізгіліктің темірқазығы іспеттес. Қазіргі таңда бұл тек оқу орны ғана емес, әлемдік ғылымның даму қарқынымен үйлесімдегі әрі мыңдаған студентті, оқытушыларды және республика мен көптеген елдердің ғалымдарын біріктіретін қара шаңырақ.

Жақында Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 90 жылдығына арналған салтанатты жиын болып өтті. Осы шарада Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен елдің әлеуметтік-экономикалық және ғылыми қызметінің дамуына сүбелі үлес қосқан профессорлар, оқытушылар мен университет қызметкерлері марапатталды. Марапаттарды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин мен Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек тапсырды. Басқарма төрағасы – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев I-дәрежелі «Барыс» орденін иеленді.

ҚазҰУ – елдің дамуы мен қалыптасуына үлкен үлес қосқан көрнекті тұлғалар шыққан киелі мекен. Оның қабырғасында 1 Вице-президент, 2 Премьер-министр, Парламент Палаталарының 7 төрағасы, 6 Мемлекеттік хатшы, Президент Аппаратының 5 басшысы, 6 Жоғарғы Сот төрағасы, 42 министр, облыс және республикалық маңыздағы қалалардың 16 әкімі, сондай-ақ өзге де белгілі мемлекет қайраткерлері оқыды.

ҚазҰУ әлемдік рейтингтерде өз орнын нығайтып келеді. Қазір ол QS World University Rankings-те 163-орында, Азия жоғары оқу орындары арасында 29, ал Орталық Азия оқу орындары арасында бірінші орында. Халықаралық мойындау – бұл тек мақтаныш қана емес, сонымен қатар үлкен жауапкершілік. Бұл әлемдік білім мен ғылым кеңістігіндегі бәсекеге қабілетті Қазақстанның ғылымы мен білімінің зор әлеуетін паш етеді. Халықаралық ынтымақтастық – біздің дамуымыздың басты бағытының бірі. Қазір ҚазҰУ-да бүкіл әлем бойынша 700-ден астам университеттермен және ғылыми ұйымдармен жемісті ықпалдастық жолға қойылған. Жыл сайын біздің университетті таңдайтын шетел студенттерінің саны артып келеді, университет саналуан мәдениеттердің орталығына айналды, мұнда 50-ден астам елдің жастары оқиды.

Қытай Халық Республикасымен ынтымақтастықтың арқасында университет Орталық Азиядағы ең қуатты өнімділігі 1,94 PFLOPS суперкомпьютерді иеленіп отыр. Оны пайдалану технология, жасанды интеллект, биотехнология, мұнайгаз секторы сияқты бағыттарда, сондай-ақ өзге стратегиялық маңызды салаларда зерттеулерді жүргізуге мүмкіндік береді.

Университеттің даңқты жолы туралы фильм үлкен қызығушылық туғызды, онда айрықша тарихи деректер, сондай-ақ жоспарлар мен келешек көрсетілді. Қатысушылар 1970-жылдардағы «КазГУград» құрылыс дүмпуінің маңызды кезеңін көрді. Осы маңызды жоба университетке корпустарды, жатақханаларды, ғылыми зертханаларды және өндірістік нысандарды қамтитын заманауи инфрақұрылымды алуға мүмкіндік берді. 1980 жылдардың басында «КазГУград» прогресс пен ғылыми дамудың шынайы бейнесіне айналды.

1991 жылы университетке ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің есімі берілді, ал 1993 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес университет өзін-өзі басқару құқығымен дербес мемлекеттік жоғары оқу орны мәртебесін алды және Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті деп атала бастады.

Мерейтойлық жиында сөз сөйлеген, ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев университеттің зерттеу мәртебесінің, академиялық үдерісінің соны ерекшеліктерін айқындайтынын атап көрсетті. Біз әлемнің жетекші университеттерімен қос диплом бағдарламасын табысты іске асырудамыз, магистранттар мен докторанттар құрамын арттырудамыз, сондай-ақ білім беру үдерісіне цифрлық технологияны қарқынды кіріктірудеміз. Университетті цифрландыру жоғары қарқынмен жүруде: Open KazNU платформасында студенттерге, сонымен қатар тыңдаушыларға қолжетімді 27 онлайн-курс көрсетілді. Біз қазақ тіліндегі мәтіндерді өңдеуге, талдауға және байытуға бағытталған KazLLM сияқты жасанды интеллектіні әзірлеу жөніндегі жобаларға қатысатындығымызды мақтан тұтамыз.

Ғылым мен білімге қатысты заманауи ұстаным университеттің техникалық және материалдық жарақталуымен тікелей байланысты. Биыл ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауының арқасында жаңа кампустың құрылыс жобасын іске асыру және қазіргі инфрақұрылымды жаңғырту басталды. Университет бірінші кезекте барлық студенттерді заманауи, оның ішінде жер сілкінісіне қарсы нормалар мен стандарттар бойынша тұрғызылған жаңа жатақханалардағы жайлы орындармен қамтамасыз етеді. ҚазҰУ қалашығы жаңа кампусының құрылысын іске асыру оны Қазақстан Республикасымен қатар, бүкіл бұрынғы кеңестік кеңістіктегі ең озық жоғары оқу орнына айналдырады.

Университет алға сеніммен жылжып келеді, дәстүрлерді мығым нығайтып, инновацияларды батыл енгізуде және ғаламдық деңгейдегі әріптестікті дәйекті дамытуда. Үнемі ізденіс, өсу, даму жолында келе жатқан қара шаңырақ Қазақстанның білім мен ғылым саласындағы көшбасшысы болып қала берері анық.

С.ТЫНЫБЕКОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының профессоры
О.ЛОЖНИКОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кәсіподағы төрағасының орынбасары

ПӘРМЕН

СОТТЫ ҚҰРМЕТТЕМЕУ – ЗАҢДЫ ҚҰРМЕТТЕМЕУ

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңының 1-бабы 3-бөліміне сәйкес, сотқа немесе судьяға құрметтемеушілік білдіру заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады. Судья сот отырысына қатысушылардан және сот мәжілісі залында отырғандардан сот залындағы тәртіпті қатаң сақтауды талап етеді.

Сот талқылауында басшылық ету істі жүргізуші судьяға жүктелген. Сот отырыстарында тәртіпті бұзу, сотқа анық құрметтемеушілік білдіру және төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбау сияқты іс-әрекеттер істі дұрыс жүргізуге кедергі жасайды. Бұл қатарға сонымен бірге сот мәжілістерін жүргізу тәртібі регламентін бұзатын іс-әрекеттер және сотқа қатысушылардың лайықсыз мінез-құлықтары жатады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 653-бабында процеске қатысушылардың және өзге де адамдардың қатысуынсыз соттың істі одан әрі қарауы мүмкін болмайтын жағдайларда, олардың шақыру қағазы, хабарлау, хабардар ету немесе хабарлама бойынша сотқа дәлелді себептерсіз келмеуінен, сот отырысында төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбаудан, сотта белгіленген қағидаларды бұзудан көрінген сотты құрметтемеушілік туралы анық көрінетін өзге де әрекеттер (әрекетсіздік) ескерту жасауға не жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа әкеп соғады деп көрсетілген. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға соқтырады деп көрсетілген.

Сотқа құрметтемеушілік білдіру фактілері анықталған жағдайда кінәлі адамның іс-әрекеттеріне сот приставы хаттама жасақтап, әкімшілік істі қарауды судьяға жолдайды. 2017 жылы Түпқараған аудандық сотында сотқа құрметтемеушілік білдіру бойынша жеті тұлғаға әкімшілік хаттама толтырылды, оның ішінде біреуі бір жыл ішінде қайталап жасаған іс-әрекеті үшін әкімшілік қамаққа алынды. Басқаларына ескерту жазасы тағайындалды.

Жалпы алғанда, соттарда дауларды оперативті шешудің басты шарттарының бірі сотқа қатысушылардың белгіленген сот отырысына уақытында келуі болып табылады. Сотқа қатысушылардың белгіленген уақытта сот отырысына дәлелді себептерсіз келмеуі, сот қаулысымен сот отырысына мәжбүрлеп әкелуге түрткі боларын да ұмытпаған абзал.

А.ТУЛЕКБАЕВА,
Түпқараған аудандық сотының аға сот приставы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

БІТІМ

«Медиация туралы» заңның тиімділігі зор. Соттың шығарған шешімі қос тараптың бірінің көңілінен шыққанымен, екінші жақтың наразылығын тудыратыны анық. Осы жерде медиацияның басты артықшылығы, тараптар медиаторды, медиация рәсімін өз қалауымен таңдап, ондағы өз ұстанымын, оны талап ету тәсілдері мен құралдарын өзі басқарып, ақпарат алу кезінде, дау-шарды реттеу туралы келісімшарттарының қолайлылығын бағалауда тең құқықтарды пайдаланып, өздеріне тең міндеттер жүктейді. Сондықтан, медиацияда жеңілуші мен жеңуші болмайды.

МЕДИАЦИЯДА ЖЕҢІЛГЕН ТАРАП БОЛМАЙДЫ

Елімізде жеке және заңды тұлғалар, әкімшілік органдар, лауазымды адамдар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық, әкімшілік, құқықтық қатынастардан және өзге де қоғамдық қатынастардан туындайтын, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу барысында, қылмыстық теріс қылықтар, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар, Қылмыстық кодекстің 68-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда ауыр қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар және атқарушылық іс жүргізуді орындау кезінде туындайтын қатынастар медиацияның қолданылу саласы болып табылады.

Медиация рәсімі барысында еріктілік, тараптардың тең құқылығы, медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы, рәсімге араласуға жол бермеушілік, құпиялық сақталады. Ал, медиация тараптары медиаторды ерікті түрде таңдауға және бас тартуға, медиацияның кез келген сәтінде оған қатысудан бас тартуға, медиацияны жүргізуге жеке өзі немесе өкілеттіктері заңда белгіленген тәртіппен ресімделген сенімхатқа негізделген өкілдері арқылы қатысуға құқылы. Сондай-ақ, медиация тараптары дауды реттеу туралы келісімді ортақ тәртіпке сай және бекітілген мерзімде орындауға міндетті. Одан бөлек, дауды дұрыс шешу қажет болған жағдайда тараптар сарапшыларды, мамандарды, аудармашыларды шақыруға құқылы.

Бүгінгі таңда судьялар сотқа түскен даудың ақ пен қарасын ажыратып, соңғы нүктесін қоюшы, яғни бұрынғы билердің ізін жалғаушы. Мәселен, қазір соттарда татуластырушы судьялар жұмыс істейді. Басты мақсат пен міндет – тараптарды өзара татуластырып, мейлінше бітімге келтіру. Азаматтық процестік кодекстің 17-тарауы татуластыру рәсімдеріне арналған. Аталған кодекстің 174-бабының 2-бөлігіне сәйкес, тараптар татуласу келісімін, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді немесе дауды партисипативтік рәсімдер тәртібімен реттеу туралы келісімді жасап не осы кодексте белгіленген тәртіппен өзге де тәсілдерді пайдалана отырып, дауды өзара талаптардың толық көлемінде не бір бөлігінде реттей алады. Сондай-ақ, тараптар адвокат не заң консультанттары палатасының мүшелері болып табылатын адамдардың жәрдемдесуімен де дауды реттей алатындығы осы кодекстің 181-бабында нақтыланған.

Қорыта айтсақ, «Бірлік түбі – береке» демекші, медиаторлар, адвокаттар және заңгерлер медиация рәсімін насихаттап, тараптарды татуластыра отырып, заң талаптарының жүзеге асуына бір кісідей атсалысса, дау-жанжалдардың азаяры анық.

Айида АТАШЕВА,
Маңғыстау облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы

МЕДИАЦИЯ

ТАТУЛАСТЫРУШЫ СУДЬЯНЫҢ КӨМЕГІ КӨП

«Медиация туралы» заң дауларды шешуде балама әдістерді кеңінен қолдануға бағытталған. Оның бірден бір дәлелі Азаматтық процестік кодекстің 174-бабының 1-бөлігі, яғни сот (судья) тараптарға татуласу рәсіміне қатысуы үшін шақыру жібере отырып, тараптардың татуласуына шаралар қабылдайды, оларға дауды процестің барлық сатысында реттеуге жәрдемдеседі.

Қазіргі таңда белгілі бір санаттағы істер бойынша соттар тараптарға шақыру жіберу арқылы татуласу рәсімдерінің тиімділігін түсіндіреді. Нақтылап айтатын болсақ, іс қозғалғанға дейін сотқа дейінгі хаттаманы жасай отырып, татуластыру рәсіміне қатысу:

1) қарым-қатынасты сақтауға;
2) моральдық және материалдық шығындарды барынша азайтуға;
3) дәлелдемелер және дәлелдермен алмасуға;
2) сот талқылауының күтілетін нәтижесін болжауға;
4) дау бойынша ымыраға келуге;
6) жанжалды тудырмай, даудамайды тоқтатуға мүмкіндіктер беретіні көрсетілген.

Сондай-ақ татуласудың, бітімге, бір мәмілеге келудің пайдасы көп. Нақты айтқанда: сотқа біраз құжаттарды дайындау қажет болмайды; мемлекеттік баж төлемейсіз (талап сомасынан 1%, 3%); жолға, қонақүйге шығынданбайсыз; сотқа сабылмайсыз; заңгерге, адвокатқа, өкілге қаражат жұмсамайсыз; сот актілерімен келіспегенде, шағымданып жүрмейсіз; істің соттарда қаралуын сарыла күтпейсіз.

Татуласудың, медиацияның тиімділігін мысал ретінде жеткізетін болсақ, Атырау қалалық сотында болған азаматтық істі айтуға болады. Яғни, жедел жәрдем қызметі азамат Б.-ның түнгі уақытта шақыруы бойынша келеді. Жарықтандырылмаған аулаға келген жедел жәрдем қызметкеріне азамат Б.-ның ауласындағы байлаусыз жүрген иті шабуыл жасайды. Нәтижесінде жедел жәрдем қызметкерінің формасына зиян келтіріледі. Орын алған жағдай бойынша медицина қызметкері келтірілген залалды өтеу үшін сотқа талап қоюмен шағымданады. Сол кезде тараптардың арасында азаматтық құқықтық дауды одан әрі ушықтырмай, орын алған жағдай бойынша татуластырушы судья құқықтық баға беріп, тараптарға жағдайды түсіндіріп, олардың арасында татуластыру келісімін жасақтауға мүмкіншілік берді.

Келтірілген мысалдан көріп тұрғанымыздай, татуластырушы судья тараптар арасында орын алған жағдайда науқастың, медицина қызметкерінің жағдайын түсініп, бір-біріне ренжіспейтіндей, қолындағы татуласу, медиация құралдарын пайдалану арқылы дауды түбегейлі шешкен.

Марал САРИМОВА,
Атырау қалалық сотының судьясы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚР Президенті:

«ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ – ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың республикалық «Ana tili» газетіне берген «Мақсатым – экономиканы және егемендікті нығайту» тақырыбындағы сұхбаты да күллі қазақ елінің жыл ашары іспетті болды. Себебі мұндағы әңгіме алғашқы өмірлік қажеттілік саналатын инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту жайынан басталып, жүзеге асырылған маңызды, ауқымды жобалар мен бастамаларға талдау жасалды.

Елдің әлеуметтік саласы әрқашан басты орында екендігі сұхбат барысында тағы бір мәрте дәлелденді. «Қазақстан – әлеуметтік мемлекет. Сондықтан былтырдан бастап «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы аясында төлем беріле бастады. Зейнетақы, жәрдемақы, шәкіртақы және азаматтық сала қызметкерлерінің жалақысы көбейді. Еліміздің түкпір-түкпірінде жүздеген жаңа мектеп, балабақша және дене шынықтыру-сауықтыру орталықтары салынды. Шетелдің оннан астам беделді жоғары оқу орындарының бөлімшесі ашылды. Ғылымды қаржыландыру көлемі арта түсті, мәдениет саласының қызметкерлеріне елеулі қолдау көрсетіліп жатыр. Бұқаралық спортты дамытуға баса мән берілді. Мұның бәрін азаматтардың жасампаздық әлеуетін арттыру үшін пайдалы инвестиция деуге болады» – деді Президент сұхбатта өткенді саралай отырып.

«Жасампаздық стратегиясы одан әрі жүзеге асырылып жатыр»

Бүгінгі дүние дүбірге толы. Оған сағат сайын көзіқарақты көпшілік куә болып отыр. Осындай өтпелі ауыр кезеңде әрине, халықаралық беделдің орны айрықша. Күн сайын құбылып жатқан әлемдік саяси аренадағы алып елдердің қырғиқабақ қақтығыстары біз сияқты дамушы елдерге әсерін аз тигізіп отырған жоқ. Осындай сындарлы сағаттарда шағын мемлекеттер үшін елінің тәуелсіздігі, тұтастығы маңызды факторға ие. Бұл келелі мәміле, ұтымды саяси қадамдар мен сарабдал, салиқалы ұстанымдарды қажет етеді. Мұны Мемлекет басшысы ұтымды дипломатиялық қарым-қатынастар арқылы шебер жүзеге асырып отыр. Оны өзі де сұхбат барысында былай жеткізеді:

«Қазір әлемде бұрын-соңды болмаған аса күрделі геосаяси ахуал қалыптасып отыр. Соған қарамастан, Қазақстан бейбітшілік үшін диалог орнату жолында тиімді рөл атқаратын мемлекет ретінде халықаралық аренадағы позициясын күшейтті. Бұл жағдай еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және экономикамызды орнықты дамытуға септігін тигізеді.

Жалпы, өткен жыл оңай болған жоқ, тіпті күрделі жыл болды деуге келеді. Қазақстанға сыртқы факторлардың салқыны тиді, табиғат апаты да жоспарларымызға әсер етті. Алайда, біз ахуалды бақылауда ұстап қана қоймай, жан-жақты реформаларымызды жалғастыра алдық. Осылайша, жасампаздық стратегиясы одан әрі жүзеге асырылып жатыр».

Президент сыртқы саясат пен төтенше жағдайларды және Қазақстанның әлемдік кеңістіктегі орнын таразылай отырып, өзінің ішкі тұрақтылыққа, тұтастыққа айрықша назар аударатынын да алға тартты.

– Менің басты мақсатым – мемлекетіміздің экономикалық әлеуетін, егемендігін және халықаралық аренадағы орнын нығайта түсу. Мемлекет басшысы болған сәттен бастап қазірге дейін қабылдаған шешімдерім мен оның түрлі салдары үшін бар жауапкершілікті өз мойныма аламын. Мен басқаша жұмыс істей алмаймын, істегім де келмейді.

Мен министрлерден неғұрлым тиімді жұмыс істеуді және шешім қабылдағанда батыл болуды үнемі талап етемін. Қоғам да Үкіметтің жұмысына жоғары талап қояды. Бұл – өте орынды әрі қалыпты жағдай. Сондықтан Үкіметтің жұмысы нақты нәтижеге орай, әділ бағаланады. Басты көрсеткіш – азаматтардың тұрмыс сапасы. Экономикадағы жетістіктер адамдардың күнделікті өміріне оң әсерін тигізбесе, оны әншейін сөз жүзіндегі жетістік деуге болады – деді Мемлекет басшысы.

«Демократияның ең биік шыңы»

Сұхбатта Қаңтар оқиғасы да назардан тыс қалмапты. «Қаңтар туралы түрлі долбарға толы алыпқашпа әңгімелер толастамай тұр. Оның үстіне, белгілі бір саяси есебі бар, сыңаржақ ұстанымдағы кейбір адамдар деректерді бұрмалап, азаматтардың көңіл-күйін өз пайдасына бейімдеуге тырысады. Тәртіп орнатуға және ахуалды тұрақтандыруға қатысты батыл шаралар қабылдаған соң, мен құзырлы органдарға Қаңтар оқиғасының мән-жайын толық әрі шынайы тергеп-тексеру туралы тапсырма бердім. Тергеу ашық жүргізілді. Қылмыскерлер жазасын алды. Парламентте біздің арғы-бергі тарихымызда бұрын-соңды болмаған арнайы тыңдау ұйымдастырылды.

Алғашқы парламенттік тыңдау Қаңтар оқиғасынан кейін үш айдан соң, ал екіншісі бір жылдан кейін өтті. Тыңдау барысында мемлекеттік органдардың өкілдері ғана емес, құқық қорғаушылар да сөз сөйледі. Түрлі ой-пікір ашық айтылды, жайсыз сұрақтар қойылды. Мұның бәрі тікелей эфирде көрсетілді, бұл процесс туралы еліміздің және шет мемлекеттердің бұқаралық ақпарат құралдары жарыса жазды. Билік халықтың көкейінде ешқандай күмән қалмауына мүдделі болғандықтан, мұндай қадамға саналы түрде барды.

Біз халықтың берекелі бірлігінің арқасында осы ауыр сынақтан да өттік. Қаңтардағы оқиғадан бәріміздің зор сабақ алғанымыз сөзсіз. Біріншіден, елдегі билік жұдырықтай жұмыла білуге тиіс, қосарланған билікке ешқашан жол берілмеуі қажет. Екіншіден, Президент – «Құдайдың жердегі көлеңкесі» емес, мемлекетті басқару үшін белгілі бір мерзімге сайланған менеджер ғана. Үшіншіден, жоғары мемлекеттік лауазымдарға үміткерлерді, соның ішінде күштік құрылым басшыларын мұқият іріктеу керек. Олар Отанымызға, яғни Қазақстан Республикасына адал болуға тиіс. Ең бастысы, «Заң мен тәртіп» қағидатын басшылыққа алып, ел бірлігін көздің қарашығындай сақтап, әділдік қағидатын барынша орнықтыру қажет. Бұл қағидатқа қарсы шығатындар «демократиялық құндылықтар» деген желеумен қоғамға іріткі салып, түбінде қазақ мемлекеттігін жоюды көздейтіні айдан анық. Бұған еш көнуге болмайды. Заң үстемдігі – демократияның ең биік шыңы. Бұл мақсатқа жету оңай емес» деді Қ.Тоқаев өткен күндерге баға бере отырып.

> *«Біздің жастарымыз әлемдегі беделді университеттерде жақсы білім алып, тәжірибе жинап, дүниетаным көкжиегін кеңейте алады. Сондықтан мемлекет, әрине, шетелде оқуға кедергі жасамайды, керісінше, ондай бастамаларға қолдау көрсетеді. Халықаралық «Болашақ» стипендиясы баршаға белгілі. Жас ғалымдардың шетелдегі ғылыми орталықтарда тағылымдамадан өтуіне жағдай жасалған.*

«Заң алдында азаматтардың бәрі тең»

Әділдік қағидасы, әділет өлшемі әр азаматтың түсінігінде әртүрлі. Бірақ, адамның құқығы, бостандығы, өмір сүру еркіндігі ортақ. Осы заңдылықтың сақталуына әділетті қоғамның кез келген мүшесі мүдделі болуы тиіс. Президенттің «Әділетті Қазақстан» жобасындағы ұстанымы әр азаматты шынайы еркін, тәуелсіз, азат ой иесі болуға жетелеу. Президент сөзімен тәпсірлесек: «Әділетті мемлекет дегеніміз – құқықтық мемлекет. Онда азаматтардың бәрі заң алдында тең болады, заңдарды, ережелерді және нормаларды қатаң сақтай отырып, жалпыға бірдей мүмкіндіктерді толық пайдалана алады. Айтпақшы, заңсыз алынған қаржы және басқа да активтерді қайтаруға қатысты жұмыстың нәтижесінде 2022 жылдан бері мемлекет қазынасына 2 триллион теңгеден астам (4,1 миллиард доллар) қаражат түсті. Бұл қаржы мектептер мен маңызды инфрақұрылым нысандарын салуға және өзге де әлеуметтік міндеттерді орындауға жұмсалып жатыр. Әділдік дегеніміз осы емес пе?»

«Ештеңе істемеген адам ғана қателеспейді»

Журналист Ерлан Жүніс Президенттен экс президент Н.Назарбаев жайлы да сұрады. Ашық пікір, бүкпесіз көзқарас Президенттің бұл мәселедегі нақты ұстаным, ашық пікірде екендігін көрсетті.

«Әрине, Нұрсұлтан Назарбаев ұзақ жыл бойы ел тізгінін ұстаған уақытта кемшіліктер болды. Бірақ ештеңе істемеген адам ғана қателеспейді. Ашығын айту керек, ол отставкаға кеткенімен, Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы болып отырған кезде саяси сыпайылықты сақтай бермейтін. Мұны да айта кеткен жөн. Үнемі Премьер-Министрді, Ұлттық банктің төрағасын, министрлерді, әкімдерді шақырып алып, жиналыс өткізетін. Бұған өз азаматтарымызды былай қойғанда, шетел басшылары мен дипломаттары да таңдана қарайтын. «Назарбаев қызметінен кеткен соң тіпті жоғарылады, енді Президент те оған бағынады» деген әзіл әңгіме де пайда болды. Ал, шын мәнінде, бұл әзілдейтін жағдай емес еді. Бұл жағдай қосарланған билік туралы алыпқашпа әңгіменің өршуіне әкеп соқты. Шенеуніктер де кабинеттен кабинетке жүгіріп, кімнің тапсырмасын орындайтынын білмей дал болатын. Ол аз десеңіз, кейбір шенеуніктер «Елбасы институты Президент билігінен жоғары тұруға тиіс» деп, ақылға сыймайтын жағдайды заң жүзінде негіздемек болды.

Алайда қазір парасаттылық танытып, Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстанға сіңірген тарихи еңбегін лайықты бағалау керек. Мен Президент ретінде мемлекет мүддесін басшылыққа алуға, ел бірлігін бәрінен биік қоюға міндеттімін».

«Заңдардың бәрі маңызды»

Азаматтық қоғамның алғышарттарының бірі қолданыстағы заңдардың уақытпен бірге жетілдіріліп, толықтырылып отыруы десек, бұл тұрғыда Қазақстан озық елдердің ұстанымында. Президент өзінің тікелей бастамашылығымен қабылдап, толықтырулар мен өзгерістер енгізілген заңдарға да тоқталды. Мәселен, «әйелдердің құқығын қорғауға және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған заң қабылданды. Бұл құжатта тұрмыстық зорлық-зомбылық сияқты, турасын айтқанда, масқара әрекеттердің тамырына балта шабу көзделген. Әйелдер мен балаларға қатысты қандай да бір зорлық-зомбылық жасағандарға жаза күшейтілді. Оған қоса, жас балаларды өлтірген немесе зорлаған адам өмір бойы бас бостандығынан айырылатын болды. Кәмелетке толмағандарды басынып, мазақ қылғандар енді әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Бұл талап алғаш рет заң жүзінде бекітілді.

«Келешек» атты бірыңғай ерікті жинақтаушы жүйенің заңнамалық негізін қалыптастыру үшін көп жұмыс атқарылды. Онда жинақталған қаржыны Қазақстанның және шетелдің колледждері мен жоғары оқу орындарында білім алу, сондай-ақ тұрғын үй алу үшін жұмсауға болады.

Азаматтардың үсті-үстіне несие алып, қарызға батуына жол бермеуді көздейтін заң қабылданды. Соған сәйкес несиесін 90 күннен артық уақыт төлей алмай жүрген адамдарға кәсіпкерлікке қатысы жоқ несие беруге тыйым салынды. Енді адамдар несие алуға өзіне өзі тыйым сала алатын болды. Медицина қызметкерлерін құқықтық жағынан қорғау шаралары күшейтілді, оларға берілетін әлеуметтік кепілдіктер жақсарды. Балалар мен жастардың арасында жаппай тарап, нағыз індетке айнала бастаған вейптерді сатуға және таратуға тыйым салынды.

Лудоманиямен күреске қатысты заң күшіне енді. Құжатта букмекерлік кеңселер мен тотализаторлардың жарнамасына едәуір шектеу қойылды, кәмелетке толмағандарды құмар ойынға тартқаны үшін әкімшілік жауапкершілік белгіленді, аты-жөні борышкерлердің бірыңғай тізіміне енгізілген адамдардың құмар ойын ойнауына тыйым салынды. Бұл шаралар талай шаңырақты шайқалтқан, адамдарды қылмыс жасауға, өзіне қол жұмсауға итермелеген ойынқұмарлықтың таралуымен күресуге арналған.

Тағы бір маңызды заңнамалық жаңалық – бұзақылық және вандализм жасаған, біреудің мүлкін қасақана бүлдірген адамдарға берілетін жаза қатайды. Мұның бәрі қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету және заң талаптарына бағынатын азаматтардың құқығын қорғау тұрғысынан маңызды. Сонымен бірге заңнамалық толықтырулардың нәтижесінде 2025 жылдың 1 шілдесінен бастап қылмыстық, әкімшілік және азаматтық істер бойынша үш дербес кассациялық сот жұмыс істей бастайды. Осылайша, азаматтар мемлекеттік органдар тарапынан бұзылған өз құқықтарын қорғай алады.

Былтыр көптеген маңызды заңнамалық бастамалар жүзеге асырылды. Алайда заңның қабылдануы істің басы ғана, сол заңдардың іс жүзінде жұмыс істеуі одан әлдеқайда маңызды екенін түсіну керек. Бұл ретте, заң талаптары қоғамның сұранысына сай болса ғана сақталады. Сондықтан біз биыл да халықтың үміті мен мүддесін және елімізді дамыту жолындағы басымдықтарды негізге ала отырып, құқық қорғау жүйесін жетілдіру жұмыстарын жалғастырамыз».

Мемлекет басшысы санамалай отырып көрсеткен заңдардың қай қайсысы болса да, бүгінгі қоғам, жас ұрпақ үшін өте маңызды. Қоғам дертін тамыршыдай тап басу, оған қатысты нақты шешімдер қабылдау мемлекеттік биліктің пәрмені мен халық алдындағы жауапкершілігін көрсетеді.

«Шетелге шығу «Барсакелмеске» кету деген сөз емес»

Кең көлемді сұхбаттың көтерген жүгі ауқымды. Мұнда жасанды интеллект, жаңа технологиялар мен жастардың мүмкіндіктері, шағын және орта бизнес, инвестиция, сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен күрес жайы да таратыла отырып талқыға түсті.

Мемлекеттік тіл мәселесінің жай-күйінен де хабардар еткен Президент жастарға үлкен сенім арта отырып: «Біздің жастарымыз әлемдегі беделді университеттерде жақсы білім алып, тәжірибе жинап, дүниетаным көкжиегін кеңейте алады. Сондықтан мемлекет, әрине, шетелде оқуға кедергі жасамайды, керісінше, ондай бастамаларға қолдау көрсетеді. Халықаралық «Болашақ» стипендиясы баршаға белгілі. Жас ғалымдардың шетелдегі ғылыми орталықтарда тағылымдамадан өтуіне жағдай жасалған. Бірқатар елмен студент алмасып тұрамыз.

Азаматтарымыз шетелде жүрсе де, халқымыздың салт-дәстүрі мен мәдениетін дәріптеп, еліміздің абырой-беделін арттыруға атсалысып, Отанына пайдасын тигізе алады. Қазақстан деген брендті әлемге таныту да маңызды миссияның бірі. Дегенмен шетелге шығу «Барсакелмеске» кету деген сөз емес. Ұл-қыздарымыздың жаңа технологияларды меңгеріп, тәжірибе жинақтап, Қазақстанға оралғаны жөн. Елімізде білікті мамандардың аяғын жерге тигізбей, қағып әкететін салалар көп. Үкіметтің міндеті – олардың өз Отанында табысты еңбек етуіне жағдай жасау» дейді Қ.Тоқаев жастарға деген зор сеніммен.

Руслан МӘЛІКҰЛЫ,
Қазақ Ұлттық аграрлық университетінің аға оқытушысы

МІНБЕР

МӘРТЕБЕ ТӨҢІРЕГІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ ҰСЫНЫС

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осы заң нормаларының талаптарына сәйкес, жоғарыда атап өткен ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 29 тамыздағы №733 қаулысы мен «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңына толықтырулар енгізіп, экологиялық қауіпті аймақта сот органдарында судья ретінде еңбек сіңірген жылдарын қызметтің бір жылы бір жарым жыл болып есептелсе әділетті болар еді. Өйткені, Ұлытау облысы экологиялық қауіпті аймаққа жатады және осыған байланысты қосымша ақы мен демалыс тиесілі.

Одан басқа, бәрімізге белгілі, судьялар да мереке-демалыс күндері күштік құрылым қызметкерлері сияқты, басшының өкімімен кезекшілік ұйымдастырылып, жиырма төрт сағат жұмыс орнында болу керек деген қағиданы бұлжытпай орындайды.

Қазіргі кезде Ұлытау облыстық соттарында 40 шақты судья қызмет атқарып жатыр және бұл ретте ұсынылып отырған өзгерістер республикалық бюджеттен қосымша көп қаржы бөлуді қажет етпейді. Қасымызда орналасқан Қызылорда облысында бұл заң нормасы жұмыс істеп тұр, олай болса, неге Ұлытау облысында қосымша ақы төленбейді және қосымша демалыс берілмейді?

Бұл құқықтық нормалар «Ресей Федерациясының судьяларының мәртебесі туралы» Ресей Федерациясының заңында, басқа да алдыңғы қатарлы мемлекеттерде де бар.

2. Ресей Федерациясының заңында судья лауазымында болу мерзімінің шекті жасы 70 жас деп нақты көрсетілген. Тіпті көршілеріміз – Өзбекстан мен Қырғызстанда да судьяның шекті жасы 70 жас деп нақтыланған.

Ал «ҚР Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» заңның 34-1-бабына сәйкес, судья лауазымында болуға шекті жасқа – алпыс бес жасқа толғанға дейін жол беріледі, оны айрықша жағдайларда Жоғары Сот Кеңесі бес жылдан аспайтын мерзімге ұзартуы мүмкін деп көрсетілген, сонда Жоғары Сот Кеңесі қандай айрықша жағдайларда ұзартуы мүмкін деген заңды сұрақ туады. Ал енді осы заңды дұрыс қолдану үшін, айрықша жағдайлардың мазмұнын заң шығарушы орган заң нормаларына сайма-сай, ашып, нақты көрсету керек емес пе?

Болмаса бұл дүдәмал нақты анықталмаған норма, адамдарға күмән-күдікті ойлар туындатып, заңдылық, әділеттік принциптерінің іске асырылуының басты шарты – заң нормаларын дұрыс және әділ қолдану талаптарына қайшы келеді. Бұндай шешімді қалай әділетті, ізгілік қағидаға сәйкес деп тұжырым жасауға болады!

Жоғары Сот Кеңесі айрықша жағдайларда бес жылдан аспайтын мерзімге ұзартуы мүмкін деп көрсетілген сөз заңның өзінің мәтіні мен заң нормаларының оның мазмұны және мәнісіне, оның сөйлем құрамына, өз мәтіні тар мағынада, тар шеңберде күмәнді мағына беріп отыр. Заңдылық қағиданың басты талабы – заң нормаларының, сөздердің және анықтамалардың мәні мен мағынасын ашып көрсету, құқықтық норманың мазмұнын дұрыс түсінуге жөн сілтеу және заңдылық принципінен ешуақытта ауытқушылыққа жол бермеу.

Сондықтан, осы әр түрлі күмән, қауесет тудыратын заңға өзгеріс енгізіп, судья лауазымында болуға шекті жас – жетпіс жасқа толғанға дейін жол беріледі деп нақты көрсетілуі керек.

Бұл енді, барлық судьялар жетпіс жасқа дейін қызмет атқарады деген сөз емес, тек тәжірибесі толып, судья лауазымына 45-50 жасында келген азаматтардың еңбек өтілі 20 жылға толық жетіп, құрметті демалысқа шығуларына жол ашады.

Конституцияның 79-бабында соттар тұрақты судьялардан тұрады, олардың тәуелсіздігі Конституциямен және заңмен қорғалады. Судьяның өкілеттігі тек заңда белгіленген негіздер бойынша ғана тоқтатылуы немесе кідіртілуі мүмкін деп анық жазылған.

Жоғары Сот Кеңесінің шешімі түпкілікті және шағымдануға жатпайды деген заң нормасы жоқ, бірақ ЖСК шешімін сотқа шағымдану тетіктері де заң жүзінде қарастырылмаған. Алайда, бұл шектеулер судья лауазымының тұрақтылығына әсер етіп, судьяның қоғам арасындағы мәртебесін төмендетеді және ҚР Конституциясына сәйкес келмейді.

Өйткені ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 9-бабының 1-бөлігінде әркім бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қорғау үшін осы кодексте белгіленген тәртіппен әкімшілік органға, лауазымды адамға немесе сотқа жүгінуге құқылы, деп анық көрсетілген және осы заң нормасына сәйкес, судьялар өздерінің заңды мүдделерін қорғау үшін Жоғары Сот Кеңесінің шешімін сотқа жүгіну құқығын заңдастыру қажет.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, еліміздегі заң шығарушы билікті жүзеге асыратын жоғары өкілдікті орган ретінде – Парламент депутаттарынан судьялардың құқығын шектейтін заң нормаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсынамын.

> *Қазіргі кезде Ұлытау облыстық соттарында 40 шақты судья қызмет атқарып жатыр және бұл ретте ұсынылып отырған өзгерістер республикалық бюджеттен қосымша көп қаржы бөлуді қажет етпейді. Қасымызда орналасқан Қызылорда облысында бұл заң нормасы жұмыс істеп тұр, олай болса, неге Ұлытау облысында қосымша ақы төленбейді және қосымша демалыс берілмейді?*

Жұмағұл ШӨЖЕНОВ,
ҚР Құрметті заңгері,
ҚР Журналистер одағының мүшесі, «Үш би» төсбелгісінің иегері

«ЗАҢ ГАЗЕТІНЕ» – 30 ЖЫЛ

Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Әділет министрі, заң ғылымдарының докторы, академик Нағашыбай Аманғалиұлы Шәйкеновтің тікелей бастамасымен Заң жоғары оқу орындары мен бұқаралық құқықтық ақпарат құралдарын ашу мәселелері көтеріліп және көп ұзамай осы мақсаттар біртіндеп орындала бастады.

«ЗАҢ ГАЗЕТІ» УАҚЫТ КӨШІНЕН ҚАЛМАЙ КЕЛЕДІ

Әлия СЕЙІЛХАНҚЫЗЫ, «Заң газетінің» ардагері

1994 жылы 29 мамырда республикалық бұқаралық құқықтық газет ашылатыны айқындалып, оған Марат Байділдәұлы Тоқашбаев бас редактор болып тағайындалды. Сол күннен бастап іске кіріскен білікті маман, тәжірибелі журналист, іскер ұйымдастырушы Марат Тоқашбаев газеттің атауын да өзі қойып, дүниеге келген күні берілген «Заң газеті» есімі бүгінгі күнге дейін өзгерген жоқ, өзгермегені де дұрыс.

Қоғамда заң, құқықтық басымдылық дегеннен бейхабар, өз құқын қорғай білмейтін халықтың басым бөлігі үшін, әсіресе шалғай ауылдардағы халыққа қолжетімді осындай басылымның ашылуы заман талабы болатын. Әлбетте, құқықтық құндылықтарға сусап отырған халық «Заң газетіне» жаппай жазыла бастады. Бұл басылымның көмегі ұшан-теңіз еді. Жанайқайын жеткізген хаттардың ешқайсысы жауапсыз қалмайтын, редакцияға келген шағым айтушылардың мәселесі міндетті түрде шешілетін. «Заң газетінің» араласуымен заңсыздықтың құрбаны болып жүрген қаншама адамның құқы қорғалып, әділетке қол жеткізді.

О бастан іргетасы дұрыс қаланған, мақсаты айқын, міндеті нақты «Заң газеті» жүрісінен жаңылмай, оқырмандар ордасынан табылуда. Отыз жылда қаншама буын ауысты. Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы бірден-бір құқықтық басылым болғандықтан, газеттің беделі жоғары болды. Оқырмандар сұрағына дер кезінде жауап беріп, заңгерлік кеңестер үзбей жарияланып отырды. Қажет жағдайда әділдік іздеген жанның жанайқайына құзырлы орындардың назарын аударатын.

Қоғамдағы қандай іс болса да заңды айналып өтпейтіні анық. «Заң газеті» араласпаған мәселе болған емес. Тіпті Марат Тоқашбаевтың идеясымен бірнеше жыл бойы біраз бала заң жоғары оқу орындарына емтихансыз қабылданып, студент атанғандары да болған, тек газетке жазылғаныңды растайтын түбіртегіңді жіберсең болғаны.

Газеттің алғашқы санынан бастап жарияланып келе жатқан детектив әңгімелер оқырмандардың асыға күтетін тақырыбы деуге болады. Шытырман оқиғалы шығармаларды газет бетінде жариялап қана қоймай, оларға байқау жариялау да үлгілі үрдіске айналған. Соның нәтижесінде корпорация Кемел Тоқаев атындағы жүлде үшін детектив шығармалар байқауын 2018 жылдан бері өткізіп келе жатыр.

Міне, зымырап 30 жыл өте шықты, осы жылдарда еңбек еткен, газет бетінде қолтаңбасы қалған әріптестеріміздің еңбегі өлшеусіз. Аталмыш басылымның 30 жылдық мерейтойы құрметіне «ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ұйымдастырған ғылыми конференция республикалық деңгейде аталып өтті. «Құқықтық журналистика: өткені, бүгіні, болашағы» атты ғылыми-танымдық конференцияға Жоғарғы Сот, Бас Прокуратура, Мәдениет және ақпарат министрлігі, облыс-қалалардағы сот, прокуратура, әділет басқармалары мен ардагер журналистер, сондай-ақ бүгінгі еңбек етіп жатқан БАҚ өкілдері қатысты.

Мәдениет және ақпарат министрлігінің қошеметін білдіру үшін арнайы келген вице-министр Қанат Ысқақов «Заң газетінің» және «Юридическая газетаның» құрметке лайық қызметкерлеріне «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісін, министрліктің Құрмет грамотасы және министрліктің Алғыс хаттарын тапсырды. Шолпан Рақымқызы, Ұлбала Әлішева, Қуаныш Ермекова Мәдениет және ақпарат министрінің Құрмет грамотасымен, Шолпан Наурызбаева Мәдениет және ақпарат министрінің Алғыс хатымен, Ерлік Кебекбай Президенттің Құрмет грамотасымен марапатталды.

«Заң газеті» құқықтық саланың негізгі басылымы болғандықтан, көтерген жүгі ауыр, қазақ басылымдарының ортасынан ойып тұрып өз орнын бекіткен газеттің әр нөмірін шығарудың өзі үлкен жауапкершілік пен шебер біліктілікті қажет етеді. Осы тұрғыда журналистік шеберлік пен заң саласының маманына айналған тілшілер мен басшылардың атқарып отырған жұмысы жеңіл емес екені белгілі. ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның журналистердің еселі де еңселі еңбегін бағалап «ЗАҢ» Медиа-корпорациясының» директоры Досымбек Өтеғалиевті «Құрмет» орденімен, «Заң газетінің» бас редакторы Айнұр Сембаеваны және «Юридическая газета» бас редакторының орынбасары Дина Әмірованы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапаттауы осының айғағы.

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС директоры Досымбек Өтеғалиевтің: «Заң газеті» мен «Юридическая газетаның» жарық көргеніне биыл 30 жыл толды. Сондықтан аталмыш газеттердің бет-бейнесін қалыптастыру, жоғары деңгейге жету жолында аянбай еңбек еткен әріптестеріміздің өз айтары бар. Сондай естеліктерді келер ұрпақ үшін бір кітапқа жинақтауды жөн көріп отырмыз. Өйткені мұнда жұмыс істеген әрбір адамның еңбегі ерен, біз үшін бағалы.

...Өткен күндердің өлшемімен қарағанда, осы уақыт аралығында халық игілігі үшін қаншама қыруар тірлік атқарылғанын аңғару қиын емес. Сондықтан 30 жылдық тарихта корпорация мен редакциялардың басшылығында отырып жұмысты үйлестіре білген, сондай-ақ халықты елең еткізер материалдар мен басылымдардың беделін арттырып, мерейін үстем еткен әрбір замандасымызға деген құрметіміз шексіз. Еліміз аман, жұртымыз тыныш, мерейтойымыз құтты болсын!» деген алғысөзбен басталған, 30 жылдық мерейтойға арнап корпорация шығарған «Тарих. Тұлға. Тағылым» атты кітап қолымызға тиді. Өмірінің біраз жылында осы шаңырақта аялдап, «Заң газетінің» үстелінде отырып машинка басып, мақала жазып, қолтаңбасын қалдырған әріптестеріміздің естеліктерін оқып, артта қалған сол бір кезеңге барып қайтқандай керемет сезімге, әдемі әсерге бөленіп, бір жасап қалдық. Оған қоса, 1994 жылы 3 қарашада шыққан газеттің алғашқы, қайталап басқан бірінші нөмірі де өткен күндерді еске оралтты. Өткен күнде белгі бар деген осындай болар.

Мерейтой мақсатының орындалуы мықты, ұйымдастырылуы ұтымды, қонақтардың құрметі мен әріптестердің әсерлі әңгімелерінен басқосудың биік деңгейде өткенін көріп марқайдық.

«Заң газетінің» биік белестерді бағындырып, оқырмандары бұрынғыдан да көбейіп, болашақта да дөңгелек даталы мерейтойлары атала берсін!

БІЛГЕН ЖӨН

ҚЫЛМЫСТЫҢ ҚАЙТАЛАНУЫНЫҢ САЛДАРЫ АУЫР

ҚР Қылмыстық кодексіне сәйкес қылмыстардың қайталануы, егер бұл адам бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған болса, онда бұл адамның ауыр қылмыс жасауы деп танылады.

Нұрлан КАИРБЕКОВ, Павлодар облысының Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы

1997 жылғы Қылмыстық кодекске сәйкес қылмыстардың қайталануы бұрын жасалған қасақана қылмысы үшін соттылығы бар адамның қасақана қылмыс жасауы деп танылды, бірақ жаңа анықтамаға сәйкес, қылмыстың ауырлық категориясы бұрын жасалған қылмыс және ауыр қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыру жазасы негізге алынды. Бұл қылмыстық заңнама мен жазаны ізгілендіруді көрсетеді, өйткені қылмыстардың қайталануы қылмыстық жауапкершілік шараларын күшейтуге де әкеп соғады.

Сонымен қатар, қолданыстағы Қылмыстық кодекс бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қатысты жағдайды күшейтеді. Бұл бұрын алған жазасынан өзіне қажетті қорытынды жасамаған, түзеу жолына түспеген, қайтадан ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған адамдарға қатысты.

Қылмыстық кодексте қылмыстардың қайталануының екі түрі бар – қылмыстардың қайталануы және қылмыстардың қауіпті қайталануы.

Жоғарыда айтылған қылмыстардың қайталануы – мысалы, қарақшылық шабуыл жасағаны үшін үш жылға бас бостандығынан айыруға сотталған адамның жазасын өтегеннен кейін, бірақ соттылық мерзімі өткенге дейін (ауыр қылмыстар үшін 6 жыл) күш қолдану арқылы тонау жасағанын жатқызуға болады.

Кінәлі адамның әрекетін қылмыстардың қауіпті қайталануы деп танудың айқындаушы критерийі, егер бұл адам бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін екі рет бас бостандығынан айыруға сотталған болса немесе аса ауыр қылмыс жасағаны үшін сотталған болса, адамның ауыр қылмыс жасауы болып табылады. Мұндағы міндетті белгі – адамның ауыр қылмыс жасағаны. Бұл ретте факультативтік мән-жайлар адамның ауыр қылмыс жасағаны үшін кемінде екі рет сотталғандығы болып табылады. Қылмыстың онша ауыр емес санаттары бойынша бұрын сотталғандар қылмыстың қауіпті қайталануын тудырмайды. Қауіпті қайталанудың тағы бір белгісі, егер ол бұрын аса ауыр қылмыс жасағаны үшін сотталған болса, орындаушының ауыр қылмыс жасауы болып табылады.

Қылмыстардың қауіпті қайталануын кінәлі деп танудың келесі критерийі, егер ол бұрын ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған болса, адамның аса ауыр қылмыс жасауы болып табылады. Бұл ретте айырмашылық адам жасаған қылмыстың ерекше ауырлығы мен міндетті шарты – қылмыскердің ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасағаны үшін бұрын сотталғандығы.

Қылмыстық кодекстің 14-бабының екінші бөлігінде, адамдардың қоғамға қауіптілігі жоғарылайтын қылмыстың ауыр және аса ауыр түрлеріне, қылмыстық заңға төзбеушілігі анық көрсетілген.

Біріншіден, қылмыстардың қайталануы міндетті түрде неғұрлым қатаң жаза тағайындауға әкеп соғатын ауырлататын мән-жай ретінде танылады. Осылайша, егер бұрын сотталған сотталушы бірнеше жаза түрі қарастырылған қылмыс жасаса (айыппұл, қоғамдық жұмыстар, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру), онда, әдетте, ҚК-нің 14-бабының 4-бөлігіне сай, оған ең ауыр жаза тағайындалады.

Екіншіден, егер кінәлінің әрекеттері қылмыстардың қайталануын көрсетсе, онда ҚК-нің 63-бабының 6-бөлігіне сәйкес оған шартты түрде соттауды қолдануға болмайды.

Елдос ҚҰРСАБАЕВ, *Шымбұлақ тау курортының департамент басшысы:*

«СЫРҒАНАУ АЛАҢЫНДАҒЫ ЖАУАПТЫЛЫҚТЫ БЕЛГІЛЕЙТІН ЗАҢ ЖОҚ»

...өзге елдерде сырғанау алаңында дұрыс бұрылмасаң, жол бойында өзге адамды қағып кетсең айыппұл, ескерту сияқты жаза белгілейтін заңнама жасалған. Бізде заң тұрмақ, мұндай жағдайларға қатысты құқықтық жағдайды реттейтін нормативтік актілер де жоқ. Құзырлы министрліктер мен әкімшілік органдары әрдайым бізден қандай ұсыныстарыңыз бар деп сұрайды. Ұсыныс жасаудан біз де, сұраудан олар да жалыққан жоқпыз. Енді бір өзгеріс боп қалар деп біз үміт үзбей отырмыз.

(Соңы. Басы 1 -бетте)

Басқаны былай қойғанда, бір ғана теңге бағамының өзгерісі қосалқы бөлшектердің бірден 40 пайызға дейін қымбаттауына әкелгенін айта кеткен жөн шығар. Бұл қазір ешкімге құпия емес. Іздеген жан оның барлығын интернеттен көре алады.

– Ойыңызды бөліп жіберсем кешіріңіз. Бағаның өсуіне әсер еткен үшінші фактор да маңызы жағынан алдыңғы екеуінен кем еместігін іштей сезіп отырған сияқтымын.

– Дұрыс айтасыз. Бағаның көтерілуіне инфляция мен бөлшек жабдықтардың қымбаттауынан бөлек, қауіпсіздікке қатысты мәселелер де өз ықпалын тигізіп отыр. Шымбұлақ тау курортының күніне 5 мың қонақты қабылдауға мүмкіндігі бар. Яғни, 5 мың адамға біз жоғары деңгейде жақсы қызмет көрсете аламыз. Ең бастысы, олардың қауіпсіздігін жоғары деңгейде қамтамасыз етуге толық мүмкіндігіміз бар. Осыдан біраз уақыт бұрын жұмыс күндері адам аз келетін де, демалыс күндері келушілер саны күрт көбейіп отыратын. Соңғы 2-3 жылда бізде келушілерге қатысты жұмыс күндері, демалыс күндері деген бөліну жоқ. Жұмыс күндері де кей кезде қонақтар саны 5 мыңнан асады. Сондықтан жаңа жылдық мерекелер кезінде бұл сан 10 мыңнан асады деген болжам жасалды.

– Маусымдық абонементтерді сатып алушылар тек Шымбұлақта ғана емес, Алматы облысының Талғар ауданына қарасты «Ойқарағай» тау курортында да өз демалысын қызықты өткізуге мүмкіндігі бар екен. Жалпы сіздерде қандай әлеуметтік топтағы адамдарға жеңілдіктер қарастырылған?

– Иә, бізде бірыңғай абонемент қарастырылған. Оны сатып алған адам екі жерге де кезек барып, ондағы қонақтарға жасалған барлық қызметті көріп, өз таңдауына қарай демалысын жоспарлауына барлық жағдай жасалған.

Қонақтар арасында сырғанаушылардан бөлек, жаяу серуендеушілер де аз емес. Біздің курортта 5 жасқа дейінгі бүкіл балалар тегін сырғанай алады. Бұдан бөлек, мүгедектер мен зейнеткерлерге жеңілдіктер қарастырылған. Кейбір күндері оларға куәлігін көрсетсе, тегін қызмет көрсетіледі. Біз жеңілдікті пайдаланушыларды қалада, ауылда тұрады деп бөліп-жармай, бүкіл республика тұрғындарына бірдей қараймыз.

Мерекелік кез болғандықтан, көпбалалы аналар мен студенттерге жеңілдік жасалмайды. Өйткені бұл уақытта бізге өзге уақыттарға қарағанда адамдар өте көп келеді.

– Келушілер санының көбеюі кейбір тұтынушылардың өзге елдердегі курорттарға ауысуына түрткі болады деп қорықпайсыздар ма?

– Егер курорт қызметкері емес, шаңғышы ретінде айтар болсам, кей кезде мен де өзге елдердегі тау курорттарына барып тұрамын. Өйткені барлық жерді қарап, салыстырып көру керек. Сол кезде адамда шаңғымен сырғанау туралы ой-сана қалыптасады. Адам сосын түсінеді. Қай жер жақсы, қай жер жаман. Барлық курортта сырғанаушылар үшін ыңғайлы, ыңғайсыз жерлер болады. Қазіргі уақытта біз клиенттеріміз басқа жерге кетіп қалады деп қорықпаймыз.

– Шаңғымен сырғанауға қызығатын, оны қайда, қалай бастасам екен деп жүрген адамдарға қандай кеңес берер едіңіз?

– Шаңғымен сырғанауды жаңа бастаған, оған қызығатын, үйренгім келеді деген адамға қай курортқа барса да бәрібір. Ең бастысы ондағы сырғанауды үйрететін мектепке барып, нұсқаушы табу керек. Бұл жерде нұсқаушы деген сөзге ерекше мән беру қажет. Онда «мен сырғанауды білемін» деген жай адамға емес, шаңғымен сырғанауды үйретуді кәсіпке айналдырған мамандарға жүгінген жөн. Олар тауда қай жерде қалай сырғанау керек, қалай дұрыс құлау керек, қалай дұрыс бұрылу керек дегеннің бәрін тәптіштеп түсіндіріп, оның бәрін түгел көрсетеді. Нұсқаушы енді өз бетіңізбен сырғанауға болады дегенге дейін шыдамдылық танытып, маманның ақыл-кеңесін тәжірибе жүзінде сынап көрген соң ғана адам сырғанауға шығатын болса, өзіне де, өзгеге де қауіп төндірмейтін болады.

– Қауіпсіздік туралы сөз болған кезде құтқарушылар мен алғашқы медициналық көмек көрсететін бекет қызметкерлері туралы айтпай кету мүмкін емес сияқты. Жарақат алған сырғанаушылар арасында қай жастағылардың үлесі басым?

– Біздің медициналық бекетіміз бар. Олардың былтырғы қызметіне жасалған талдауды сараптап отыру әдетіміз. Қолдағы деректерге қарағанда курортқа келушілер арасында жарақатты ең көп алатындар 18-30 жастағы жастар. Бұл қатарда өзіміздің тұрғылықты азаматтар да, шетелдік қонақтар да бар.

– Еліміздегі ең ірі мегаполис тұрғындары үшін ғана емес, қала қонақтары мен облыстың іргелес аудандарының халқы үшін тау шаңғысы курорттарының қолжетімділігі әлі де көкейкесті мәселе. Мұны қалай шешкен дұрыс?

– Алматы қаласы үшін қазір тау шаңғысы курорттары аздық етеді. Оңтүстік астанада ресми статистика бойынша 2,5 млн халық тұрады. Бұдан бөлек өзіңіз айтқандай облыстың қаламен іргелес аудандарында 1 млн-ға жуық халық бар. Оған республиканың түкпір-түкпірінен келетін қала қонақтары мен шетелден келетін туристерді қосатын болсақ, бұл сан еселеп өсетініне ешкім күмән келтірмейді. Сондықтан тау шаңғысы курортының жалғыздығы қала үшін ғана емес, республика үшін де ыңғайсыз жағдай. «Ештен кеш жақсы» дегендей соңғы жылдары мемлекет деңгейінде «Алматы тау кластерін дамыту» жобасы жүзеге асып жатыр. Егер Алатау бөктерлерінде тағы да аспалы арқан жолдары жасалып, шаңғы курорттары ашылар болса, бұл тек Алматы қаласы ғана емес, бүкіл республикадағы туризмнің дамуына орасан зор үлес қосады деп ойлаймын.

– Қазір сіздерде шетелдік туристердің үлесі қанша?

– Бізге туристерді жергілікті, шетелдік деп санау ыңғайсыз. Дегенмен, шетелден келген туристер санының жыл сайын өсіп келе жатқанын байқамау мүмкін емес. Әсіресе, Үндістаннан келетін туристер өте көп. Келесі орында – Қытай мен Сингапур. Малайзия сияқты Оңтүстік Шығыс Азия елдерінен келетіндер жыл сайын өсуде. Сол себепті шетелдіктер қазір біздегі жалпы қонақтардың 30 пайызын құрап отыр деуге болады.

– Тау шаңғысы мен сноубордпен сырғанайтындар арасында әуесқойлар мен оны кәсіби деңгейде меңгергендерге қандай да бір ортақ ереже бар ма? Байқауымша өз күшін дұрыс бағамдай алмай, тау басына көтеріліп алып, құтқарушылардан көмек сұрайтын қонақтар әлі азаймаған сияқты.

– Тау шаңғысы спорты ерте қалыптасқан 50-100 жылдық тарихы бар Альпі тауларындағы Германия, Австрия сияқты мемлекеттерде сырғанау алаңында тәртіп бұзғандарға арнайы заңнамалар, нормативтік актілер қарастырылған. Соған қарап сырғанаушылар жауапкершілікті жақсы сезінеді. Бұл тек қана адам мен адамның арасындағы жауапкершілік емес, заңның алдындағы жауапкершілік. Мысалы, өзге елдерде сырғанау алаңында дұрыс бұрылмасаң, жол бойында өзге адамды қағып кетсең айыппұл, ескерту сияқты жаза белгілейтін заңнама жасалған. Бізде заң тұрмақ, мұндай жағдайларға қатысты құқықтық жағдайды реттейтін нормативтік актілер де жоқ. Құзырлы министрліктер мен әкімшілік органдары әрдайым бізден қандай ұсыныстарыңыз бар деп сұрайды. Ұсыныс жасаудан біз де, сұраудан олар да жалыққан жоқпыз. Енді бір өзгеріс боп қалар деп біз үміт үзбей отырмыз. Осы арада айта кететін бір жағдай мұндай құқықтық нормалар мен заңнамалық актілер қазір тек бізде ғана емес, менің білуімше көрші елдердің де ешқайсысында жоқ. Егер бұл бағытта бір өзгеріс болып жатса, ол тек Орталық Азия үшін ғана емес, өңірдегі өзге елдер үшін де үлкен жаңалық болар еді. Өйткені заңнамадағы бұл өзгерістің қажеттігін уақыт өткен сайын тау курорты бар барлық ел айқын сезініп отыр.

– Тау шаңғысы экстремалды спорт түріне жатады ғой. Бұл бағытта халықаралық федерация тарапынан жасалған сырғанаушыларға арналған қандай да бір ереже, тәртіп бар ма?

– Халықаралық шаңғы федерациясының 10 баптан тұратын ережесі бар. Заңнаманы соның негізінде жасап, қабылдауға болады. Ол шаңғы спортындағы көп мәселені шешер еді. Азаматтық кодексте жолкөлік қозғалысына қатысты жауапкершілік қарастырылған. Мәселен, көлікпен келе жатқан кезде бағдаршамның сары түсіне өтіп кетсең, айыппұл төлейсің. Шаңғы спорты да өте экстремалды. Онда әр адам тек өзі үшін ғана емес, қауіпсіздікті сақтау бойынша басқалардың алдында да жауапты.

– Тау шаңғысы курортында ішімдік ішкен адамдарға шаңғы беруге және сырғанау алаңына жіберуге шектеу бар ма?

– Курорттың ішкі ережесі бойынша адам қатты мас болса, оны сырғанауға кіргізбеуге құқығымыз бар. Бұл бірінші сол адамның денсаулығы, екіншіден басқаларға тигізер зардабының алдын алу үшін жасалады. Ондай жағдай көп емес.

Соңғы 3 жылда бізге келетін адамдардың сырғанау мәдениеті қатты дамып келе жатыр. Көп адамдар тау шаңғысы қауіпті спорт екенін түсінеді, курортқа келер кезде қалай киіну керектігін және мұнда ішімдік ішпей келу керектігін көбі біледі.

Осы арада тағы бір нәрсені айта кеткім кеп отыр. Бізде бұрын сырғанау алаңдарындағы қауіпсіздікті полиция бақылайтын. Олардан қонақтар кәдімгідей сескеніп, тәртіп бұзудан қашатын. Биыл олар бұл мәселені өз ішінде әлі шеше алмай жатқандықтан, әзірге қауіпсіздік қызметін біздің мамандар полиция көмегінсіз өз күшімен ғана шешуге мәжбүр болып отыр.

– Уақыт тауып, ой бөліскеніңізге рақмет!

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

ЖАЗАНЫ ЖЕҢІЛДЕТУ – ӨМІРІН ӨЗГЕРТКІСІ КЕЛГЕНДЕРГЕ БЕРІЛГЕН МҮМКІНДІК

Жоғарғы Сот 2023 жылға арналған жазаны өтеуді шартты түрде мерзімінен бұрын босату және жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру туралы өтінішхаттарды қараудың сот практикасы бойынша қорытындысын жариялады.

Қылмыстық кодекстің 72, 73, 86 және 87-баптарында белгіленген шарттар сақталған жағдайда сотталғандар шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы (ШТБ) немесе жазасын неғұрлым жеңіл жазамен ауыстыруы (ЖЖА) мүмкін екені атап өтілген. Бұл үлгілі мінез-құлқы, бар күш-жігерімен жазасын одан әрі өтеудің қажеті жоқ екенін дәлелдеген сотталушыға берілген мүмкіндік. Бұл әрі мемлекеттің гуманизмі мен сенімінің белгісі.

Заң соттарды шартты түрде мерзімінен бұрын босату және жазаны неғұрлым жеңіл жазамен ауыстыру туралы мәселені қараған кезде сотталған адамның өтінішхатының белгіленген талаптарға сәйкестігін, ұсынылған материалдардың толықтығын, сотталған адамның мінез-құлқындағы оң өзгерістерді кешенді бағалау ШТБ-ға және ЖЖА-ға тағайындау құқығын беретін мерзімдердің өтуін мұқият тексеруді міндеттейді.

Қолда бар деректер мен дәйектер көрсеткендей, еліміздің соттарына азаматтардан шартты түрде босату туралы түскен өтінішхаттардың 62% және неғұрлым жеңіл жазамен ауыстыру туралы материалдардың 40,5%-ы қанағаттандырылған.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың және неғұрлым жеңіл жазамен ауыстырудың негізгі шарттары ретінде сотталушының зиянды өтеуі, мінез-құлқының оң дәрежесі және ынталандырудың болуы басты назарда ұсталады.

Сот практикасын талдау, жалпы алғанда, соттардың сотталғандарды шартты түрде мерзімінен бұрын босату және неғұрлым жеңіл жазамен ауыстыру туралы өтінішхаттарын дұрыс шешетінін көрсетті. Сонымен қатар, жергілікті жерлерде кейбір заң бұзушылықтар мен қателіктерге жол берілуде. Заңнамаларды біркелкі қолдану мақсатында заңнаманы жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар әзірленді. Бұл ұсыныстар елімізде бірыңғай тәжірибенің қалыптасуына ықпалын тигізіп қоймай, судьялар қателігінің алдын алып, азаматтардың сотқа деген сенімін нығайтары талассыз.

Т.ИБАШЕВА,
«Заң газеті»

САРАП

СЪЕЗДЕР – СОТ ЖАҢАШЫЛДЫҒЫНЫҢ БАСТАУЫ

Биыл Қазақстан судьяларының IX съезі өтті. Төрт жылда бір рет өткізілетін бұл жиын сот жүйесіндегі негізгі мәселелерді талқылап, алдағы жоспарлар мен міндеттерді айқындайтын маңызды шара.

Республика судьяларының басын біріктірген съездердің сот саласындағы жаңашылдықтардың бастауы болғаны рас.

Судьялар құрылтайына қатысқан Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев сот биілігінің қашанда абыройлы, әрі мінсіз болуы тиіс екенін судьялардың есіне салды. Президент сот жүйесінде соңғы уақытта жүргізіліп жатқан реформаларға да тоқталып, оң бағасын берді.

Оның ішінде Конституциялық соттың құрылуы, жаңа жылдан бастап жұмысын бастағалы тұрған кассациялық соттар жайын тілге тиек етті. Төменгі саты соттарынан әділдік таппаған тұлғалардың кассациялық саты сотына жүгініп, өз құқықтарын қорғау мүмкіндігінің кеңейтілгеніне тоқталды. Кассациялық соттардың дербестігі ел азаматтарының сот төрелігіне қол жеткізуіне жағдай жасап, елімізге инвестиция тартуға, бизнес жүргізуге оңтайлы жағдай жасайды деп күтілуде.

Ал бұл өз кезегінде сотқа деген сенімді күшейтіп, судьяның біліктілігін арттырады деген сенімдеміз.

Осы съезде судьялардың қызметтік және қызметтен тыс іс-әрекеттерде, қоғамдық және ақпараттық қатынастарда әдеп нормаларын сақтау туралы талаптарды қамтитын Судья әдебі кодексі қабылданды. Әдептілік қағидаттары жинақталған бұл кодекс судьялар қауымының басты бағдар ететін құжаты десек қателеспейміз.

Әдеп кодексінде судьяның беделі ұғымына түсіндірме берілді. Бұл дегеніміз судьяның адалдығына, шыншылдығына, әділдігіне, бейтараптылығына, тәуелсіздігіне қоғамда қалыптасқан сенімділік.

Судьялардың қоғамның сот билігіне деген сенімін нығайтуға ықпал етуге міндетті екеніне басты назар аударылды.

Сондай-ақ судьялар өзінің басты міндеті – сот төрелігін іске асыру барысында ең бастысы заңның үстемдігін, әділдік пен сот билігінің тәуелсіздігін қамтамасыз етуі тиіс екені бекітілді.

Қазылардың білімі мен біліктілігінен бөлек, сырт келбетіне, мінез-құлқына, ел арасындағы мінсіз абыройына, көпшілік алдында өзін ұстауына, тіл байлығы мен айналасына сөзін тыңдата білуіне қатысты талап та ешқашан төмендемеген. Себебі судьяның қоғамдағы мінез-құлқы соттың шыншылдығына, объективтілігіне және тәуелсіздігіне қоғамның сенімділігін арттыруға ықпал етеді.

Әрбір азамат өзінің құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқылы. Оған еліміздің бас құжатында нақты кепілдік берілген. Ал сот төрелігінің Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылуы, сот төрелігін іске асыру барысында тек ел Конституциясы мен заңдарға ғана бағынуы судьяның біліміне ғана емес, адамгершілік және моральдық кескін-келбетіне де жоғары талаппен қарауды міндеттейді.

Шындығында, судья болу – мәртебелі міндет. Елдің сүйенері, қорғаны заң болса, «Судья – сөйлейтін заң» деп мойындалған. «Сондықтан, судья болуға тәуекел еткен адам қазылыққа қойылатын жоғары талаптарды сақтап, белгіленген шектеулерге мойынсұну қажеттігін ұғынуы шарт.

2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: құқық тәртібі, экономикалық өрлеу, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына кезекті жолдауында Президент Қ.Тоқаев кез келген қоғамның, соның ішінде біздің қоғамның да басты ұғымдарға негізделген сұраныстары – әділдік пен қауіпсіздік екенін атап өткен болатын. Осы негізгі сұраныстардың толығымен өтелуі мемлекеттің, соның ішінде сот жүйесінің де тиімді жұмыс істейтінін айқын көрсетеді.

Қоғамда заң үстемдігі берік орнығып, сот төрелігі әділ атқарылуына үлес қосу әрбір судьяның қасиетті міндеті, борышы деп білеміз.

Мемлекет атынан сот билігін жүзеге асыруға сенім білдірілген тұлға ретінде әрбір судья мемлекетіміздің адал азаматы ретінде қоғам тарапынан білдірілген сенімді ақтап, тәуелсіз елімізде заң үстемдігінің берік орнығуы үшін барынша адал қызмет етуі тиіс.

Әлия ТҮБЕКБАЕВА,
Қызылорда қалалық сотының судьясы

ЗАУАЛ

ТЕЛЕФОН ҰРЛАҒАНЫ ҮШІН ЖАЗАҒА ТАРТЫЛДЫ

Қызылорда қаласының №2 сотында Қылмыстық кодекстің 188-бабы 3-бөлігінің 3-тармағымен айыпталған С.-ның қылмыстық ісі қаралды.

Сотталушы С. көше бойымен келе жатып асхана алдында тұрған автокөліктің ашық тұрған терезесін байқайды. Жымысқы ой кірген ол көлік ішіндегі «Iphon 14» үлгісіндегі ұялы телефонды көріп, автокөлікке заңсыз кіріп, жәбірленуші Б.-ның ұялы телефонын жасырын жымқырып, 570 000 теңгелік мүліктік зиян келтірген. Сотталушының қылмыстық әрекеті іс құжаттарымен және сотта өзінің айыбын мойындап берген жауабымен толық дәлелденген.

Сот үкімімен айыпты азамат ҚК-нің 188-бабы 3-бөлігінің 3)- тармағымен кінәлі деп танылып, оған 3 жыл мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалып, сол мерзімге пробациялық бақылау белгіленді.

Қызылорда қаласының №2 соты

АСЫЛ МҰРА

ТІЛДІ АРДАҚТАУ – АЗАМАТТЫҚ ҚАСИЕТ

Тіл – мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухани, қазына байлығына балайды. Себебі, тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз – қазақ тіліміз.

Тіл – тәуелсіздіктің айғағы. Тіл мен егемендік – егіз ұғым. Тілсіз – тәуелсіздік, егемендіксіз – тіл болмақ емес. Тіл – тәуелсіздіктің қуатты тірегі, бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы. Қазақстан Республикасының мемелекетті тілі – қазақ тілі. «Қазақтың болашағы – тілінде». Бізге тек осы ұстанымды жүзеге асыруда бар күш-жігерді аямай, еңбек ету ғана қалды.

Тәуелсіз Қазақстанның болашағы – біз, яғни қазақ жастары дейтін болсақ, ендігі біздің міндетіміз – қазақ тілінің мәртебесін асыру болмақ. Осы тұста тәуелсіздік алғалы бері елімізде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен тілге деген құрметті арттыру мақсатында көптеген мемлекеттік бағдарламалар мен іс-шаралар ұйымдастырылуда. Нәтижелері де аз емес.

Шынтуайтына келгенде ана тілі – ананың ақ сүтімен бойымызға сіңген асыл тіл. Ана тіліміз арқылы ғана біз халқымызды, Отанымызды танып білеміз. Әр адамның азаматтық қасиеті – өз халқын, өзінің атамекенін сүюімен, өз ана тілін ардақтай білуімен өлшенбек. Әркімнің тілге деген құрметін өз анасына, өз ұлтына, өз Отанына деген құрметінен білуге болады.

Өз ана тілін ұмытқан адам – өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді. Қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге еш шек қоймайды. Дегенмен, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруде әр қазақтың үлесі болса екен деймін.

Нургуль ТУРГАЕВА,
Атырау қаласы №2 соты әкімшісінің жетекші маманы

ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестердің, прекурсорлардың және күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды.

ЕСІРТКІ ТАСЫМАЛДАУДЫ КӘСІП ЕТКЕНДЕРГЕ КЕШІРІМ БЕРІЛМЕЙДІ

Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі аталған заң Президенттің 2024 жылғы 15 наурызда Ұлттық құрылтайда берген тапсырмаларын орындауға бағытталғанын жеткізді. Бұл құжат есірткі өндіру мен өткізуді ұйымдастырушыларға жауапкершілікті қатаңдату, ал есірткіні жасырын орналастырушыларға қолданылатын шараларды жұмсартуды қарастырады.

Заң есірткі өндірісі үшін ғана емес, осы қылмыстық әрекет үшін лауазымды адамдардың да жауапкершілігін едәуір қатаңдатты. Енді бұл қылмысқа қатысы бар тұлғалардың мүлкін тәркілеп, 15 жылдан 20 жылға дейін немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруы мүмкін.

Сонымен қатар заңда есірткіні жасырын орналастырушылардың жазасы аздап жұмсартылды. Мәселен, алғаш рет мұндай қылмыс жасағаны үшін қылмысын ауырлататын мән-жайлар болмаса, мүлкін тәркілеп, 5 жылдан 8 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру көзделген (бұрын мүлкін тәркілей отырып, 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыратын).

Жаза аталған қылмысқа тартылатындардың, яғни есірткіні жасырын орналастырушылардың көбі жасөспірімдер мен жастар болғандықтан жұмсартылды. Олардың есірткіні өздері дайындамайтыны, көбіне есірткінің заңсыз айналымын ұйымдастырушылардың қылмыстық тұзағына түсетіндігі ескерілді. Алайда қылмыстық әрекетті бірнеше рет қайталаса, оны мүлкін тәркілей отырып, 7 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру түріндегі қатаң жаза күтеді.

Жаза аталған қылмысқа тартылатындардың, яғни есірткіні жасырын орналастырушылардың көбі жасөспірімдер мен жастар болғандықтан жұмсартылды. Олардың есірткіні өздері дайындамайтыны, көбіне есірткінің заңсыз айналымын ұйымдастырушылардың қылмыстық тұзағына түсетіндігі ескерілді. Алайда қылмыстық әрекетті бірнеше рет қайталаса, оны мүлкін тәркілей отырып, 7 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру түріндегі қатаң жаза күтеді.

Сондай-ақ заңда білім беру ұйымдарында немесе кәмелетке толмаған адамға қылмыстық топ қатарындағы есірткі таратушы тұлғаларды жазалайтын қатаң үкім сақталды. Олардың мүлкі тәркіленеді және 15 жылдан 20 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылады.

Сонымен қатар лауазымды тұлғалардың есірткі таратқаны үшін қылмыстық жауапкершілігі қатаңдатылды. Бұрын олардың мүлкі тәркіленіп, 10 жылдан 15 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылса, енді мүлкі тәркілене отырып, 15 жылдан 20 жылға дейін бас бостандығынан айырылады.

Заңда есірткінің және күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттыру мақсатында басқа да шаралар қабылданды. Мәселен, қылмыстық топ арқылы аса ірі мөлшерде құрамында есірткі заттары бар және өсіруге тыйым салынған өсімдіктерді заңсыз өсіргені үшін заң жүзінде жауапкершілік белгіленді.

Прекурсорлар мен күшті әсер ететін заттардың, сондай-ақ есірткі, прекурсорлар, улы және күшті әсер ететін заттарды өндіруге пайдаланылатын заттардың, құралдар мен жабдықтардың заңсыз айналымы үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілді.

Бұдан бөлек, заңда есірткі тектестер, психотроптық заттар, сондай-ақ прекурсорлар мен күшті әсер ететін заттарды қолдану ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілік белгіленді.

А.МӘУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

КИЕ

ҰЛТ АМАНАТЫ

Тіл – ұлт байлығы. Әр ұлт өз тілін қадірлейді, сыйлайды және келешек ұрпаққа аманат ретінде жеткізіп отырады.

Тіл – ғасырлар бойы әр ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілу арқылы жинақтаған бағасы жоқ мәдени байлығы. Біздің еліміздің байлығы ол – қазақ тілі.

Қазіргі таңда қазақ тілінің қолданыс аясы кеңейіп, жер-жерде тілдің мерейі артып келеді. Мемлекеттік бүкіл мекеме бүгінгі таңда қазақ тілін қолданыс тіліне айналдырған. Кез келген азамат қазақ тілін талап етіп, қазақ тілінде қызмет ала алады. Бұл ең алдымен тәуелсіздіктің арқасы.

Бабадан қалған мирас тіл таза саф күйінде ұрпаққа аманат болып жетуге тиіс. Ол үшін әр адам қазақ тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның тазалығын сақтауға тиіс.

Мемлекеттік тіл біздің бәріміздің ұлы мақтанышымыз.

Айман БАЕКЕНОВА,
Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының бас маманы – сот отырысының хатшысы

МАРАПАТ

ЕҢБЕКТІҢ ЕЛЕНГЕНІ ЖАҚСЫ

2024 жылғы 29 желтоқсан Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Әзірбайжанның Azal компаниясына тиесілі ұшақтың апатқа ұшырауынан зардап шеккен адамдарды құтқару кезінде ерлік, кәсібилік және азаматтық жауапкершілік танытқаны үшін бір топ қазақстандықты мемлекеттік наградалармен марапаттады.

Олардың арасында ТЖМ өкілдері, медицина мамандары, полицейлер, «Маңғыстау өңірлік электротораптық компаниясы» акционерлік қоғамының жұмысшылары және Ақтау әуежайының қызметкерлері бар.

Мемлекет басшысының Жарлығымен Маңғыстау облысы полиция департаментінің криминалисі А. Әлібаев Бауыржан Момышұлы атындағы II дәрежелі «Айбын» орденімен, ал Рақымжан Қошқарбаев атындағы III дәрежелі «Айбын» орденімен – Маңғыстау облысы Төтенше жағдайлар департаменті Басқұдық ауылы №12 өрт сөндіру бөлімінің командирі С. Оңғар, Маңғыстау облысы Төтенше жағдайлар департаменті авариялық-құтқару жұмыстары және өрт сөндіру қызметінің №12 өрт сөндіру бөлімшесінің өрт сөндіруші-құтқарушысы О. Байтөре, Қорғаныс министрлігі 30153 әскери бөлімшесінің алыс жетекті радиомаркер пунктінің бөлім бастығы (ауысым бастығы) Н. Ботағарин, Маңғыстау облысы Төтенше жағдайлар департаменті авариялық-құтқару жұмыстары және өрт сөндіру қызметінің №1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімшесінің аға өрт сөндіруші-құтқарушысы М. Саркенов марапатталады. Маңғыстау облыстық көпсалалы ауруханасының орталық меңгерушісі Б. Қойбеков пен Ақтау халықаралық әуежайы медициналық пунктінің меңгерушісі И. Кочергина «Құрмет» орденімен марапатталды.

«Ерлігі үшін» медалімен – Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясының фельдшері Т. Қисаев, ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі Апаттар медицинасы орталығының Маңғыстау облысы бойынша филиалының дәрігері О. Оразбеков, «Қазаэронавигация» РМК Ақтау филиалындағы «Вышка» диспетчерлік пунктінің диспетчері Я.Толстиков, «Маңғыстау өңірлік электротораптық компаниясы» АҚ Ақтау электр желілер ауданының шебері Н.Шопанов, ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі Апаттар медицинасы орталығының Маңғыстау облысы бойынша филиалының жүргізуші-санитары Қ. Аллабергенов, Маңғыстау облысы Төтенше жағдайлар департаменті «Жедел құтқару жасағының» құтқарушысы М.Багитов, «Қазавиақұтқару» АҚ екінші ұшқышы Ә. Естемес, «Қазавиақұтқару» АҚ әуе кемесінің командирі А.Құдабаев, ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі Апаттар медицинасы орталығының Маңғыстау облысы бойынша филиалының фельдшері З. Құбайдуллаев марапатталды. Ақтау халықаралық әуежайының қызмет бастығының орынбасары Бекболат Жұмағұлов, ҚР Әділет министрлігі «Сот сараптамалары орталығы» Маңғыстау облысы бойынша филиалының маманы Э. Оразалиев, ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі Апаттар медицинасы орталығының Маңғыстау облысы бойынша филиалының психологі Ж. Есен – «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегерлері атанды.

Сонымен қатар 51 адамға Президенттің «Алғыс хаты» табыс етілді.

А.МӘУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

Баспасөз – 2025

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және **«Юридическая газета»** газеттеріне және **«Заң»** журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға **«Қазпошта» АҚ** бөлімшелері, **«Қазпресс» ЖШС** дүңгіршектері және Алматы қаласындағы **«Дауыс»** жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,
заңды тұлғалар үшін – 15921

zanreklama@mail.ru

ТАРАТУ

3. «Есенаман» кредиттік серіктестігі ЖШС (БСН 120340019263) өз жұмысын тоқтататындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Сырым ауданы, Шағырлой ауылы, Абай көшесі, 6-үй.

4. «Ерқанер» кредиттік серіктестігі ЖШС (БСН 121240020345) өз жұмысын тоқтататындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Сырым ауданы, Аралтөбе ауылы, 110-үй.

5. «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Байзақ ауданының білім бөлімінің Үшбұлақ бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 030740004786) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Д.Қонаев 117, тел. 8(726-37)40912.

10. «Емдік заттар» ЖШС (БСН 091140005855) (Астана қаласы, Ермек Серкебаев көшесі, 4-ғимарат) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Көктал ш.а., Ардагерлер көшесі, 27-үй, тел. 30-09-05.

11. «Алтиес Петролеум Интернэшнл Б.В.» Атыраулық компанияның филиалы (БСН 990941001199) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтөбе қаласы, Бөгенбай батыр көшесі, 2-құрылыс, 8-9-10 қабаттар, тел. 87017575697.

15. «Этноаул Хан Орда» ЖШС (БСН 201140014562) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Абай даңғылы, 108-үй, 95-пәтер.

19. «Ханбала» ЖШС (БСН 210140037085) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Ұлы Дала даңғылы, 41/2, 54-пәтер, тел. 87771957580.

20. «Алтын-уақыт» несие серіктестігі» ЖШС (БСН 150440031411) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Арал қаласы, Әбілқайыр хан көшесі, 40, тел. 87059835757.

21. «KazTourr» ЖШС (БСН 231040030447) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Желтоқсан көшесі, 115, тел. 87755085014.

22. «Тағат» ЖШС (БСН 190140029385) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 517/6 үй, тел. 87071401602.

ӘРТҮРЛІ

6. «8 вершин» ЖШС (БСН 081140006950) ««Центр-Цемент плюс»» (БСН 051040004112) ЖШС-ге қосылу жолымен өзінің қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлар алдындағы кез келген міндеттемелерді қоса алғанда, барлық құқықтар мен міндеттер «8 вершин» ЖШС «Центр-Цемент плюс» ЖШС-не өтеді. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 050039, Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 39а үй.

7. «Центр-Цемент плюс» ЖШС (БСН 051040004112) өзіне «8 вершин» ЖШС (БСН 081140006950) қосу арқылы қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлар алдындағы кез келген міндеттемелерді қоса алғанда, барлық құқықтар мен міндеттер «8 вершин» ЖШС «Центр-Цемент плюс» ЖШС-не өтеді. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 010000, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, 85-көше, 9/1 ғимарат.

9. «Кредит Сервис Ломбард» ЖШС өтелмеген мүлікті сату бойынша аукциондар өткізеді
Өтетін орны: Астана қаласы, А.Кравцов көшесі, 6. Өткізілетін күні: 10.01.2025 – 20.01.2025 ж.
Анықтамаға арналған телефон: +7 775 371 29 69.
Лиц. 01.21.0009Л.

16. «НПО Каз Луч Электро» ЖШС-нің мөрі, БСН 230840024032, осы мөртаңба 2023 жылдың қараша айынан бастап жарамсыз деп есептелсін.

17. «Nurorda» мектеп-лицей» мекемесі (БСН 070740012675) жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады. Ата-ананың төлемі жылына 1200 АЕК-тен (4 140 000 теңге) аспауы керек. Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда «Қаржы орталығы» АҚ-на хабарласуыңызды сұраймыз. Сенім телефондары: 87172-695-037, 87172-695-058.

18. Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ-нен (БСН 240240004632) Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ-сі мен Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Белсенді ұзақ өмір және Тең қоғам орталығы» КММ-сі бөлу жолымен қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қазығұрт а/о, Қазығұрт ауылы, Д. Қонаев көшесі, 94-ғимарат, пошта индексі 160300.

23. Осымен «Standard Investment Company» АҚ пай ұстаушыларды «Стандарт-Еурооблигациялар» инвестициялық қоры ережелеріне енгізілген өзгерістерді тіркеу туралы хабарлайды. Ереженің мәтіні http://www.stdi.kz сайтында орналастырылған.

24. Құрметті «Mogo Kazakhstan «МҚҰ» ЖШС клиенттері! 20.01.2025 ж. бастап «Mogo Kazakhstan «МҚҰ (ММО Казахстан)» ЖШС заңды мекенжайының өзгергені туралы хабарлаймыз. МҚҰ жаңа мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050000 (A26F8G4), Алматы қаласы, Медеу ауданы, Н. Назарбаев даңғылы, 269А.

МҰРАГЕРЛІК

8. 26.03.2024 жылы қайтыс болған Досаев Жорабек Мутановичтің қайтыс болуына байланысты барлық мұрагерлерін нотариус А.С.Жанакулованың кеңсесіне мұраға құқық туралы куәлік алуға келуіңізді сұраймын. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 36-үй, 35-пәтер. Тел. 8 705 270 00 01.

12. 2024 жылдың 5 қыркүйегінде қайтыс болған Кусаинов Сейлхан Туреханович тің артынан мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін Атырау қаласы, Авангард-3 ауданы, 75-үй, 5-кеңсе мекенжайы бойынша нотариус А.А. Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз.

13. 2024 жылдың16 қыркүйегінде қайтыс болған Алипова Бактылының артынан мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін нотариус А.А. Амандықоваға, Атырау қаласы, Авангард-3 ауданы, 75-үй, 5-кеңсе мекенжайы бойынша хабарласуларын сұраймыз.

14. 2024 жылдың 3 маусымында қайтыс болған Ердаулетов Урак Абишовичтің артынан мұрагерлік істің ашылуына байланысты, мұрагерлері болса және мұрадағы үлеске құқығы бар тұлғаларды Астана қаласының нотариусы Айнагул Акигереевна Бердигалиеваның Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 40-үй, 47 ішкі кеңсесіне хабарласуларын сұраймын. Тел: 87014896969.

Қызылорда облыстық соты және Сот әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті, Судьялар одағының Қызылорда облысы бойынша филиалы Арал аудандық сотының судьясы Нұрымбетова Гүлсара Маратқызына анасы

Досекешова Балхаштың

қайтыс болуына байланысты көңіл айтады. Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.»,
Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а,Молодежный 3-үй,1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

Дар алдында

– Әке, бүгін сіздің Мадоннаңыздың, біздің мамамыздың туған күні ғой. Бермен қарай шықсаңшы.

Нәзіктігі мен сұлулығы қатар ұштасқан Еркеназ ашық тұрған есіктен әкесінің кітап оқып отырғанын көрді де:

– Тағы да Артур Конан Дойлды оқып отырмысың? – деп сөзін жалғастырды.

– Иә, қызым біздің жұмыс осы ғой. Үздіксіз ізденіп, шытырманнан шиыр тауып, шығар жол іздеу керек.

Әкесі қызының басынан сипады. Еркеназдың шаш түйреуіші басынан сусып түсіп, еденде жатқан үстел добына тиіп, ол есіктің саңылауынан өтіп, қонақ үйге қарай секіре жөнелгенде, бұрышта жатқан марғау артынан қуып берді. – Міне, бұл детектив, – деп әзілдеді әкесі.

– Оны білем ғой, әке. Бірақ жүрекке салмақ салып, жүйкені жүндей түтетін оқиғалар денсаулыққа зиян емес пе? Мен алдында Эдгар Поның «Қара мысығын» оқимын деп, үштөрт күн ұйықтай алмай шықтым.

– Қызым-ау, оны саған кім оқы деді. Ол үлкендердің өзі әрең қорытатын магиялық шығарма. Саған Конан Дойлдың «Көгілдір жақұты» сияқты көңілді детективтерді оқыған жөн балады, – деген әке алдында жатқан қызылқоңыр мұқабалы Агата Кристидің «Он қара домалақ» деген кітабын нұсқап, – Ал мынау сияқты кітаптарды оқу саған әлі ерте, – деп шашылып жатқан үйме-жүйме кітаптарды жинастырып, тұруға ыңғайланды.

Сырттан Медғат пен Қасым дабырласа кірді.

– Елдің даңқын асыратын ол – өнер мен ғылым. Спорт дегенің қисынсыз болар, – деді Медғат аяқ киімін шешіп жатып.

– Мұныңа келісе алмаймын. Мысалы, олимпиада чемпиондары елдің еңсесін көтеріп, мемлекеттің абыройын асырмады деу қиянат болар, – деді Қасым өзі де бокспен айналысатын болған соң.

– Иә, сенікі жөн делік. Бірақ түптің түбінде көсегемізді көгертер ғылым ғана екенін мойындау лазым. Сосын біздің IT саласында да жетістікке жетіп жатқан жастар жетерлік. Соларды неге олимпиада чемпиондары сияқты бағаламаймыз? Неге алалаймыз? Өтірік лепіру мен бос мақтанды қою керек.

Асүйден алжапқышы желбіреп мамасы Ұлпан шыға келді.

– Болыңдар, болыңдар. Сендерді ғана күтіп отырмыз. Дастарқан дайын. Бұлар тіпті аналарының туған күнін ұмытып кеткеннен сау ма, түге? – деп наздана тіл қатты да, лыпи басып барып, айнаға қарап қисайып кеткен орамалын түзеді.

Төрт көзі түгел жиналып туған күн дастарқанына жайғасты. Сүйікті келіннің туған күніне ата-апасы арнайы Астанадан келген.

– Ал, дастарқанның байлығын берсін, келінжан айналайын, жаның жамандық көрмесін. Туған күнің құтты болсын! – деп ақсақал бата қайырды. Дастарқан басындағы еменжарқын әңгіме, құттықтаулар мен жылы лебіздер жалғасып жатты.

– Әй, осы ақ келінім болмаса, шалым екеуміз баяғыда-ақ тырапай асар едік. Келіннің дәрігер болғаны, Құдайдың бізге берген сыйы екенін несін жасырайық. Айналайын өркенің өссін, – деп кейуана ағынан жарылды.

– Мұндай болғанда, екеуміз де дәрігер қыз таппасақ, жағдайымыз қиын болатын сияқты ғой, – деп Қасым әңгіме ауанын Медғатқа бұрып, отырғандарды ду күлдірді.

– Әй, жүгермектер дәрігер ме, инженер бола ма, бастысы қазақтан табыңдар. Қазір жастар қағынан жеріп, аралас неке дегенге әуес боп кетті ғой өзі.

– Иә, бәйбіше айтқаның жөн. Қан тазалығын сақтау керек. Ол ұл яки қыз болсын басқа нәсілмен шатысса өзін ғана емес сол әулеттің мың жылдық шежіресін бұзып, түбіне жетті дей бер, – деп қостады шалы сарқасқа шәйді сораптап.

– Сонда Алаш арыстарының көбі неге өзге ұлттан алды әйелді? Мәселе, ұлтта емес, адамгершілікте шығар? – деп әңгімеге қосылды Еркеназ.

– Енді ол кездегі тарихи жағдай, тағдыр дейміз бе, олардың жазмышы солай болды емес пе? Қазір заман басқа, заң басқа дегендей, – деп атасы немересіне қарады. Осы сәтте бәрі де Еркеназдың оқшау сөзіне аңтарыла қалған еді. Бәрін мұқият тыңдайтын әдетімен Абылай әңгімеге араласпай, үнсіз тыңдап, бақылап отыр.

– Не болды? Бәріңіз маған қадалып. Мен жәй әңгіме болсын деп айтып жатырмын. Білмегенімді сұрау айып па екен? – деп Еркеназ томсырая қалды.

– Менің еркетайыма бұлай тесіреймеңдер! Қалалық қыздар орысша шүлдірлеп, дүбәра боп жүргенде, менің еркем Алаш арыстары туралы сұрақ қойып, тарихын түгендеп жүр. Қайта қуансаңдар етті. Кімде бар мұндай қыз? – деп апасы әңгіме ауанын жаймашуақтап, Еркеназдың басынан сипады.

Медғат пен Қасым бөлмесіне кірді де, қолдарына ұстаған конверті бар жымыңдап қайтадан шықты.

– Мама, туған күніңіз құтты болсын! Мынау Қасым екеуміздің сыйымыз. Анталияға екі адамға жолдама. Әкем екеуің демалып, қыдырып қайтыңдар.

– Рақмет, айналайын құлындарым, – деп анасы күтпеген сыйға таңғалғанын жасырмады. Басқалары да риза болып, туған күн иесін құттықтап бокал қағыстырды. Сыңғырлай шыққан үнмен бірге Абылайдың телефоны да шырылдай жөнелді. Абылай телефонына қарады да «жұмыстан хабарласып жатыр. Сіздер отыра беріңіздер. Қазір келем» деп, жедел басып балконға беттеді.

– Бұларға демалыс күні де бір тыным жоқ-ау, – деді көңілді отырысты бұзған күтпеген қоңырауға кейіген кейуана.

– Енді балаңның жұмысы сол – елдің амандығы, жұрттың бүтіндігі екенін білесің, бәйбіше. Кімге кінә тағарсың?

Абылай бөлмесіне суыт кірді де, формасын киіп шықты.

– Мені шұғыл жұмысқа шақырып жатыр. Бармасам болмас. Өздеріңіз мені бар деп отыра беріңіздер. Жылы сөз, ақ тілектеріңізді Ұлпанның төбесінен жаңбырша жаудырыңыздар. Тоқтай көрмеңіздер. Қанеки, қанеки! – деді де бокалды алып әйелі Ұлпанмен, сосын жағалай қағыстырды да, есікке қарай беттеді.

Капитан Жанат Оңласынның хабарлауымен тергеуші полковник Абылай Әзімханұлы тізгін ұшымен сағат түнгі бірден он минут өткенде оқыс оқиға болған жерге жетті. Оқиғаның жәй-жапсарымен танысты. Самал ықшам ауданындағы элиталық көп қабатты үйдің төртінші қабатынан 28 жастағы келіншек құлап түскен. Түн болғандықтан, оны алғашында ешкім байқамаған. Куәгерлер сәл кешігіп жедел жәрдем көлігін шақырғанымен, аузы-мұрнынан қан кеткен келіншектің демі үзілгені мәлім болды. Келіншек құлаған пәтерге барған полицейлер ваннадан аяқ-қолы байланған күйде жатқан марқұмның 40 жастағы күйеуін тапқан. Жараланып, бір қолы сынған. Үй шашылып, астаң-кестеңі шыққан. Есік-терезе қираған.

«Өлтіріп кетті, өлтіріп кетті!» деп бір сөзді ғана қайталап шошынып қалған, есі кіресілі-шығасылы үй иесіне алғашқы медициналық көмек көрсетілген соң, ауруханаға алып кетті. Абылай үрейленген тұрғындарды үйлеріне қайтарып, оқиға болған орынның бәрін сызып, қоршатты. Сарапшы мамандармен бірге пәтерді қырағылықпен мұқият зерттеді.

– Не айтасың, Жанат Оңласынұлы? – деп капитанға Абылай қыран қабақтың астынан сұраулы көзбен қарады.

– Аң-таңмын. Күйеуі байлаулы. Әйелі терезеден секіреді, – деді капитан екіұшты.

– Секірмеді, оны біреу лақтырды деп те қарастырсақ қалай? Бұл да бір жорамал.

– Мүмкін.

– Оны ертең күйеуінен білетін боламыз. Сосын осы көп қабатты үйдің айналасындағы камералардың қатты дискісін жинатыңдар.

Абылай сөйлей жүріп, ештеңені назардан тыс қалдырмай, сынып, бүлінген дүниенің бәрін суретке түсіртті. Кейбір күмәнді заттарды арнайы целлофанға салдырып, қалған шаруаны ертеңге қалдырып, түн жарымында бөлімшеге аттанды.

Таң ата үйіне келген Абылай үйдегілерді оятып алмас үшін, мысықтабандап кіріп қайта шыға бергенде, құс ұйқылы анасы оянып кетті де, баласын ыммен тоқтатып, жанына келді.

– Әкең екеуміз бүгін Астанаға кетеміз. Жұмысың ауыр. Денсаулығыңды күт, айналайын. Жұмысыңа байланысты дос-дұшпаның да көп. Сондықтан мына бойтұмарды тағып ал, – деді де ораулы шүберектің ішінен тұмарды алып, баласының мойнына тақты.

– Ой, мама, алаңдамаңыз. Бізді сақтап, қорғап-қолдап келе жатқан сіздердің алғыс-баталарыңыз ғой. Қарбалас болып сіздермен де дұрыс әңгімелесе алмадым. Жарайды, жолдарыңыз болсын. Жақында Астанаға іссапармен барамын. Сонда асықпай қауқылдасайық, – деді де анасымен қоштасып, сыртқа шықты.

Тергеу процесі басталды. Бірінші ретте, әрине, марқұм келіншектің күйеуінен жауап алынды.

– Азамат Қуаныш Бейсенбаев, болған жайт өте ауыр. Қабырғаңыз қайысып отырғаны түсінікті. Сонда да болған жәйді бүкпесіз айтуыңызды сұраймыз. Бұл қылмыстың жылдам ашылуына көмектеседі, – деді де Абылай диктафонын қосып, «ал, сөйлеңіз» дегендей ыңғай танытты.

Қалың қайғыдан естанды болған азамат Бейсенбаевтың халі шынымен адам аярлық еді. Абылай құйып берген стақандағы суды ішіп алған соң, дауысы жарықшақтанып, сөз бастады.

– Сол күні әдеттегідей жұмыстан сағат кешкі 8-дерде үйге оралдым. Әйелім өзі күтіп алды. Екі қызымыз демалыс күні болғандықтан, ата-апасының үйіне кеткен болатын. Санду екеуміз асүйде тамақтанып, оны-мұны әңгіме етіп отырғанбыз. Сағат 11-лерге қарай есік қағылды. Көршілердің бірі шығар деп, ойымда ештеңе жоқ есікті ашқаным сол еді, бетперде киген еңгезердей ер адам мені электрошокермен талдырып тастады. (иә, ондай зат табылды деп ойлады Абылай) Бір кезде есімді жисам, әйелімнің жаңағы еркектен жанұшыра қашып жүргенін көрдім. Ой-санам тұманданып, бар күшімді жиып, қарсыласпақшы болып едім, ол мені бейсбол таяғымен кеудемнен және мына білегімнен ұрды. Есімнен танып қалыппым. Ар жағы бұлдыр, – деп ауыр күрсінді.

– Демек, қаскүнем әйеліңізді зорлауға келген ғой?

– Солай. Өздеріңіз көргендей үйдегі қымбат мүліктердің бір де бірі қолды болмаған.

– Отбасыңызға қастық жасайды-ау деп күмәнданатын адамдар бар ма еді? Немесе бәсекелестер дегендей. Ірі кәсіпкердің дұшпаны көп болатыны айдан анық.

– Кім біледі? Тап басып мынау деп айта алмаймын?

– Қылмыскердің түр-тұлғасы қалай?

– Бойы шамамен 2 метрге жуық. Алып денелі, тіліне қарағанда шетел азаматы болуы керек.

– Әйеліңіз сұлу, көрікті болғандықтан, көз сүзіп жүрген еркектер болуы да мүмкін ғой?

– Әрине, несін жасырайын. Бейтаныс ер кісілерден хат, сыйлық келіп тұратын. Әйелім адал болғандықтан, оларды бірінші маған көрсететін. Сөйтіп екеуміз ондай дүниелерге көз жұма қарайтынбыз.

– Сандуғаш Көкеновамен отасқандарыңызға қанша жыл болған еді?

– 5 жыл.

– Жарайды Қуаныш Тимурұлы. Болған іске болаттай болыңыз. Біз тағы да айғақтармен танысып, бұл қылмыстың бетін ашуға бар күшімізді саламыз. Бара беріңіз.

Қуаныш Тимурұлы шығып кеткеннен кейін, Абылай болған оқиғаға ойша анализ жасап отырды. «Соңғы кезде не үшін осындай оқиғалар жиіледі? Әйелдер неге құрбандыққа шалына беруі керек? Бұл қалай болғаны? Біз қай жерден қателестік?»

Кабинетке капитан Жанат Оңласынұлы арсаландап кіріп, Абылайдың ойын бөліп жіберді. Өзіннен естіген анегдотты бір айналып өзіне айтып беретін қожанасырлау жігіт.

– Абылай Әзімханұлы, оқиғаның ұшы табылды, – деді олжалы келгенін байқатып.

– Тамаша. Ал, Сөйле.

– Қандай әдемі келіншек. Өлімге қимайсың ғой, қимайсың.

– Сонда ажарсыздау, сиықсыз адамдарды өлімге қиясың ба? Ауа жайылмай, дерегіңді айт.

– Оқиға болған көп қабатты үйдің айналасына қойылған камерадан пәтерге кірген бейтаныс ер адамды байқадық. Тұрғындардың ешқайсысы танымайтын боп шықты.

– Сағат нешелерде кірген?

– Түнгі 11 шамасында.

– Мм, дәл келіп тұр. (Қуаныш Тимурұлының айтқан жауабын ойлады.)

– Пәтерден қай кезде шығыпты?

– 12 жарым шамасында.

– Онда ұрыста тұрыс жоқ. Дереу іздеуге кірісейік.

Жанат қалтасынан насыбай алып, аузына салуға ыңғайланды да, Абылайдың қарап тұрғанын көріп, тұқшыңдап қалды.

– Әбеке, бұл бәлені сіз сияқты бірден қоя алмай жүрмін. Жайлап ұмытармын. Ұрыспаңыз.

– Насыбайға мемлекет шектеу қойды. Ал сен заң адамы бола тұра, заңды бұзасың. Осың дұрыс па?

– Болды, басеке. Қойдым міне, – деді де терезеден насыбайды лақтыра салды.

– Мынауың дұрыс болды, қожанасырым, – деп сағатына қарады да, кеттік залға, жаттығамыз, – деп Абылай кабинеттен шықты.

Артында қалған Жанат тағы бір қалтасынан насыбай шығарып: – Мына қалтада тағы барын білмей қалды. Сізді де атақты детектив дейді-ау, – деп қулана жымиды.

Қаланың барлық полиция қызметкерлері жұмылдырылып, бір апта дегенде Алтын орда базарының маңайындағы жалдамалы жатақтардың бірінен күдіктіні қолға түсірді. Күдікті – 52 жастағы Наматжан Сабиров. Өзбекстан азаматы. Жалдамалы жұмыскер. Дереу тергеуге алынды. Күдікті басында жалтаруға тырысқанымен, электрошокер мен бейсбол таяғындағы саусақ ізі, камерадағы бейне, т.б бұлтартпас айғақтарды көлденең тартқанда, қылмысын мойындауға мәжбүр болды.

Абылай Әзімханұлы күдіктіге бастан-аяқ барлай қарады.

– Иә, ол пәтерге не мақсатпен бардыңыз?

– Басында тонау мақсатымен барғаным рас. Олардың бай отбасы екенін білетін бе едіңіз? Жоқ басқа біреулер жол көрсетті ме?

Аршын НҰРБАҚЫТ

(Жалғасы бар)

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6230 дана
Апталық таралым 12 460 дана

Тапсырыс №105 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талаптілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31